Об этой самобытной культуре, сконцентрировавшей лучшие творения древних жителей Сарыарки, свидетельствуют грандиозные мавзолеи, поселения древних рудокопов и металлургов, сохранившиеся до наших дней остатки металлургического производства. На основе огромного фактического материала ученый приходит к выводу, что горное дело и металлургия наряду со скотоводством и земледелием были древнейшими видами хозяйственной деятельности протоказахских племен. Об этом свидетельствуют многочисленные горные выработки и металлургические центры, появившиеся в древние времена и разбросанные по всей степи, как результат деятельности древних рудокопов и металлургов. Во многих древних рудниках Центрального Казахстана были обнаружены шахты, штольни, штреки, квершлагги. Для осуществления промывки и мокрой флотации руды существовали водосборные ямы, обнаружено большое число плавильных печей. На основании обнаруженных фактов ученый приходит к сенсационному выводу, что казахские степи благодаря богатейшим недрам были родиной металлической культуры, т.е. наши далекие пращуры принимали активное участие в становлении цивилизации на земле. Этот вывод ученого подтверждается открытыми в последнее время в разных странах архивными материалами. Горнорудный промысел и металлургия в древние времена достигли крупномасштабных форм производства, добыча руды в наиболее крупных разработках достигала сотен тысяч тонн, т.е. была значительной даже по современным мас-

штабам. В результате крупных объемов выплавленной меди в те далекие времена появилась меновая стоимость и экспорт меди. О масштабах этой формы деятельности говорит факт экспорта меди по караванным путям в древний Рим, Китай и другие страны [Маргулан, 2008а].

А.Х. Маргулан всегда был многопланов в своих научных изысканиях, параллельно разрабатывал сразу несколько проблем, каждой из которых хватило бы для многолетнего изучения не одному десятку ученых. Со студенческих лет работая в архивах Ленинграда, Москвы, Омска и других городов, он по крупицам собирал материалы о выдающемся казахском ученом Ч.Ч. Валиханове, всесторонне исследовал его научные труды. Результатом неустанной работы в этом направлении стало издание избранных трудов Ч.Ч. Валиханова в 1958 г. В 1957–1967 гг. А.Х. Маргулан возглавил академическое издание собрания сочинений Ч.Ч. Валиханова в пяти томах. Этот огромный труд требовал от ученого колоссального напряжения и скрупулезного труда. А.Х. Маргуланом и его сотрудниками были выявлены десятки новых, прежде неопубликованных работ, рукописей, писем, записок. Необходимо было изучить наследие русских путешественников и ученых, современников Ч.Ч. Валиханова. Была проделана огромная работа по исследованию всего рукописного наследия Ч.Ч. Валиханова, составлению комментариев, объяснению различных сюжетов, уточнению достоверности сообщений и т.д. Результатом источниковедческой работы явилось пятитомное собрание сочинений великого казахского ученого, вышедшее в 1961–1972 гг. Вступительная статья А.Х. Маргулана о жизни и деятель-

ности Ч.Ч. Валиханова определила целое научное направление – чокановедение [Маргулан, 1961]. К 150-летнему юбилею со дня рождения ученого было подготовлено и выпущено под руководством А.Х. Маргулана второе издание. Алькей Хаканович планировал выпуск этого издания в шести томах, но осуществить этот замысел ему не удалось. Список источников для шестого тома сочинений Ч. Валиханова хранится в архиве ученого.

Прослеживается некоторое сходство подходов к проблемам истории у этих двух выдающихся казахских ученых. И тот и другой получили прекрасное европейское образование, для обоих характерно глубокое постижение русской культуры и масштабный подход к проблемам истории, а также других гуманитарных наук. Своему любимцу Алькей Хаканович посвятил две монографии. «Чокан и “Манас”» вышла в 1971 г. [Маргулан, 1971]. В этой работе А.Х. Маргулан на основе сравнительного исследования различных вариантов эпоса «Манас» дает блестящий его анализ, а также показывает конкретный вклад Ч.Ч. Валиханова в его изучение.

Особое место в творчестве А.Х. Маргулана занимает архитектура Казахстана. Для монографии «Архитектура Казахстана» ученый собирал материалы на протяжении нескольких десятилетий. Она посвящена истории и эволюции строительного дела и архитектуры на земле казахов, начиная с эпохи бронзы до позднего средневековья. Монография, состоящая из четырех частей: «Древняя архитектура Казахстана», «Доисламская архитектура», «Архитектура средневекового Казахстана», «Архитектура позднего средневеко-

вья», оснащена огромным количеством комментариев и рисунков. Эта работа дает представление о совершенном чувстве композиции и гармонии, присущем нашим предкам [Маргулан, 2008в].

С точки зрения этнографии история материальной культуры кочевников и их преемников казахов представлена в фундаментальном труде «Казахское народное прикладное искусство», в котором системно представлены предметы быта казахов, одежда, жилище, предметы ювелирного искусства, их происхождение и эволюция. По существу это энциклопедия казахского прикладного искусства, оснащенная уникальным по полноте и сводным по характеру собранием шедевров народного художественного творчества [Маргулан, 2008г]. Этот фундаментальный труд в трех томах вышел уже после смерти ученого.

Важно остановиться еще на одной работе ученого «Древние казахские племена, история их объединений и образование Казахского ханства», где А.Х. Маргулан пишет о том, что на протяжении всего исторического времени существовала тенденция к сближению древних протоказахских племен, к образованию единого этноса. В раннее средневековье в истории казахов появляется объединение «Ушжуз», в домонгольское время в результате усиления тенденции сближения племен появляется союз племен «алаш». Важнейшим этапом в процессе консолидации протоказахских племен было образование Казахского ханства. В работе А.Х. Маргулана «Древние казахские племена, история их объединений и образование Казахского ханства» - первого государства в истории казахов описан памятник, имеющий для казахов огромное историческое

значение. Как пишет ученый, во времена образования Казахского ханства в 1467 г. на берегу р. Сарысу в Центральном Казахстане состоялся синклит, в котором приняли участие вожди крупных племен трех жузов, и на скале Тамгалы-тас была высечена надпись на кипчакском языке об объединении племен в единый казахский народ. Это место официального провозглашения казахского народа. В народе его называют «қазақтың ұран шақырып, қазақ біріккен жері» [Маргулан, 2008д].

О своеобразии, глубине и насыщенности духовного мира наших предков свидетельствуют работы, посвященные легендам и эпическим сказаниям разных племен, истории письменности нашего народа. Поражает, с какой любовью и восхищением, как поэтически возвышенно писал он о культуре каждого из племен, образовавших казахский этнос. Сквозь время – это урок и упрек трайбалистам нашего времени.

Возглавляя в течение многих лет Центрально-Казахстанскую археологическую экспедицию и отдел этнографии, А.Х. Маргулан способствовал развитию археологии и этнографии в Казахстане. Им подготовлено не одно поколение казахстанских ученых, этнографов, археологов, историков. Среди его учеников – видные археологи этнографы, исследователи эпохи бронзы и раннего железа – А.М. Оразбаев и М.К. Кадырбаев, древнетюркской эпохи – Ф.Х. Арсланова, кыпчакской этнической общности – С.М. Ахинжанов, этнической истории казахов – М.С. Муканов, семейно-брачных отношений у казахов – Х.А. Аргынбаев и многие другие.

Столь впечатляющая состоятельность, естественно, вызывает интерес к личности ученого. От при-

роды мягкий и добрый человек, он никогда не отзывался ни о ком отрицательно. В целом жизнь его для постороннего глаза была на редкость однообразной. Преданность научной проблеме, видение в ее разрешении смысла жизни, всесторонняя образованность, гуманность, бескорыстие, не суетливость, достоинство, способность жертвовать собой были свойственны ему, составляли его человеческую суть. По существу, это общие моменты, сближающие ученых-творцов. Специфика общественных, гуманитарных наук такова, что ученый-творец должен любить свой предмет и, если его предмет – история культуры, история народа, то ученый должен любить свою культуру, свою историю, свой народ, поскольку творчество в общественных науках не просто получение нового знания, но и понимание смысла бытия народа. Недаром, именно ученые-обществоведы подвергаются репрессиям, именно они открываются в своих пристрастиях, иначе сделать нечто значительное в науках об обществе невозможно. Такие ученые живут настоящими ценностями и потому по-настоящему счастливы, хотя зачастую они не приняты обществом, не обласканы властями.

Избрав еще в юности свой путь в науке, Алькей Хаканович настолько был предан ему, что даже в минуты отдыха как бы был погружен в предмет своего исследования. Так, можно было наблюдать, как поздно вечером Алькей Хаканович, устав, брал в руки домбру и наигрывал кюи, пел любимые им песни. И нам представлялось, что бескрайние степные просторы и древние города, бурлящая в них жизнь вставали перед взором ученого. Красота степи и древних городов, творения их жителей настоль-

ко восхищали его, что он как бы сам жил в ту эпоху. Алькей Хаканович не торопился с публикацией трудов, откладывал написанное, позднее вновь возвращаясь к нему. Огромную работоспособность до последних дней жизни можно, с одной стороны, объяснить методом работы, если утомляла работа в одной области исследований, он переходил к другой. К тому же скрупулезная работа с первоисточниками постоянно увлекала его в иные области исследований.

Когда читаешь рукописи А.Х. Маргулана, бросается в глаза большое количество эпитетов в превосходной степени. Ученый не скрывал своего восхищения творениями кочевников. Красота, раскрывавшаяся перед ним, любовь к родной земле, к своему народу были для него родником, из которого он черпал силы на протяжении всей жизни.

Крупнейший исследователь памятников Средней Азии, друг Алькея Хакановича проф. М.Е. Массон в юбилейном приветствии писал, что А.Х. Маргулан «не просто плодотворный исследователь, он принадлежит к той плеяде ученых-энтузиастов, вдохновение которых роднит науку с поэзией. Есть у него общее с деятельностью Чокана Валиханова, чьи произведения он пестовал при их издании. Оба прочно и навсегда вошли в науку»* [*Записи из семейного архива – прим. авт.].

В 2012 г. было завершено издание 14-титомного Собрания сочинений А.Х. Маргулана, осуществлённое по программе «Культурное наследие». В Предисловии к первому тому Собрания сочинений ученого Н.А. Назарбаев написал: «Подвижническая работа великого казахского ученого А.Х. Маргулана и его последователей положила начало позна-

нию цивилизации, появившейся на территории Казахстана более 4 тысяч лет назад» [Назарбаев, 1998]. Перед нами стоит задача выпустить полное Собрание сочинений ученого, что позволит оценить титанический труд и понять осуществление грандиозного замысла.

А.Х. Маргулан прожил долгую жизнь и тем не менее поражает громада его научного наследия, диапазон предметных исследований ученого и временной охват истории. Органичное сочетание в нем содержания мировой культуры и традиционных ценностей казахов явились основой появления фундаментальных трудов. Академик Ш.Ч. Чокин в своей книге воспоминаний «Четыре времени жизни» пишет: «То, что он сделал для реставрации духовного наследия народа, выходит за рамки науки и имеет общечеловеческое значение» [Чокин, 1991].

А.Х. Маргулан ушел из этого мира 12 января 1985 года. Он относится к ученым, родившимся в дореволюционную эпоху. Сердцем он из той эпохи, поэтому ему так близок и дорог мир кочевника, со свойственным ему тотемным стилем мышления и трепетным отношением к духу предков, миру мифов и легенд, миру юрты и степных просторов, открытых Космосу.

Академик А.Х. Маргулан оставил огромное научное наследие, по предварительным данным состоящее из 14 томов фундаментальных трудов. Только выпуск полного собрания сочинений позволит оценить титанический труд и понять осуществление грандиозного замысла.

Рожденные гением Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым национальная программа «Мәңгілік ел» и национальная идея «Рухани жаңғыру» явились велением времени. Без трудов А.Х. Маргулана невозможно глубоко и правильно понять национальную идею и характер преобразований, происходящих в наше время. В них заложены духовные и культурные основы казахов, изучение которых и реконструкция в свете современных глобальных реалий и модернизационных процессов в общественных отношениях позволят донести идеи духовной консолидации, общности культурных ценностей [Назарбаев, 2014; 2017].

Алькей Хаканович Маргулан пришел в этот мир с миссией, которую он достойно выполнил. Человек большого ума и сердца сквозь время приходит к нам сегодня своими трудами.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Маргулан А.Х.* Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алматы: Изд-во АН КазССР, 1961. Т. 1. С. 9-103.
2. *Маргулан А.Х.* Чокан и «Манас»: исследование о Чоканском варианте эпоса «Манас». Под ред. М. Магауина. Алма-Ата: «Жазушы», 1971. 164 с.
3. *Маргулан А.Х.* Собрание сочинений в 14-ти томах. Алматы: «Алатау», 2008а. Т. 5.
4. *Маргулан А.Х.* Собрание сочинений в 14-ти томах. Алматы: «Алатау», 2008б. Т. 6. 494 с.
5. *Маргулан А.Х.* Собрание сочинений в 14-ти томах. Алматы: «Алатау», 2008в. Т. 8. 469 с.

6. Маргулан А.Х. Собрание сочинений в 14-ти томах. Алматы: «Алатау», 2008г. Т. 12. 574 с.

7. Маргулан А.Х. Собрание сочинений в 14-ти томах. Алматы: «Алатау», 2008д. Т. 13. 446 с.

8. Назарбаев Н.А. Предисловие // Маргулан А.Х. Собрание сочинений в 14-ти томах. Алматы: «Атамура», 1998. Т. 1. С. 5.

9. Назарбаев Н.А. «Мәңгілік Ел» - многовековая мечта о независимости Казахстана. 15.12.2014. URL: <http://www.adilet.gov.kz/ru/leaflet/mngilik-el-mnogovekovaya-mechta-o-nezavisimosti-kazahstana> (дата обращения: 01.10.2018).

10. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. 12.04.2017. URL: http://www.akorda.kz/ru/special/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (дата обращения: 01.10.2018).

11. Степанов Б. Об идеологических ошибках работников общественных наук Казахстана // Большевик Казахстана. 1947. № 1. С. 34-47.

12. Чокин Ш.Ч. Четыре времени жизни: воспоминания и размышления. Алматы: «Білім», 1998. 432 с.

Сведения об авторе:

Маргулан Дanelь Алькеевна – спецредактор 14-томного «Собрания сочинений А.Х. Маргулана» (г. Алматы, Казахстан); dmargulan@list.ru

Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ. АДАМ ЖӘНЕ ҒАЛЫМ БЕЙНЕСІ

Д.А. Марғұлан

Өлкей Хақанұлы Марғұлан – отандық ғылым тарихындағы өте сирек кездесетін құбылыс, Қазақстан археологиясы мен этнографиясының негізін қалаушы. Ә.Х. Марғұлан өз халқының рухани қасиетін зерттеуде алғашқылардың бірі болды, халық тарихындағы ғасырлар бойы тұнған құпияларды алғашқы болып ашты. Қазақстанның батыс шекарасынан бастап Орталық Қазақстан арқылы отанымыздың солтүстік-шығыс және шығысына дейін ондаған мың шақырымды жүріп өтіп, ол қола және ерте темір дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі ескерткіштерді ашып, сипаттады, қазақ халқының салты мен дәстүрін, эпикалық әңгімелерін, аңыздарды, қазақ тайпаларының қоныстанған жерлерін зерттеді.

Түйін сөздер: археология, Ә.Х. Марғұлан, ғылым тарихы, алғашқы, археолог, этнограф, фольклорист

LIFE AND SCIENTIFIC ACTIVITY OF A. KH. MARGULAN. IMAGE OF SCIENTIST AND PERSON

D.A. Margulan

Alkey Kh. Margulan is phenomenon in the history of national science, founder of archaeology and ethnography in Kazakhstan. A.Kh. Margulan was pioneer in the study of spiritual sanctuaries of his people, pioneer for centuries hidden secrets of the history of the people. Having traveled tens of thousands of kilometers across Kazakhstan from its western borders across Central Kazakhstan to the northeastern and eastern limits of our homeland, he discovered and described monuments of material culture from the Bronze Age and early nomads to the late Middle Ages, studied customs and traditions of Kazakhs, epic tales, legends and stories, places of living of Proto-Kazakh tribes.

Keywords: archaeology, A.Kh. Margulan, history of science, pioneer, archeologist, ethnographer, folklorist

REFERENCES

1. Margulan, A. Kh. 1961. In *Valihanov Ch.Ch. Sbranie sochinenii v 5 tomah (Collected works in 5 volumes)*, 1. Almaty: Academy of sciences of KazSSR Publ., 9-103 (in Russian).
2. Margulan, A. Kh. 1971. *Chokan i «Manas»: issledovanie o Chokanskom variante eposa «Manas» (Chokan and «Manas»: a study on the Chokan variant of the epos «Manas»)*. M. Magauin (Ed.). Alma-Ata: «Zhazushy» Publ. (in Russian).
3. Margulan, A. Kh. 2008a. *Sbranie sochinenii v 14-ti tomah (Collected Works in 14 volumes)*. T. 5. Almaty: «Alatau» Publ. (in Russian).
4. Margulan, A. Kh. 2008б. *Sbranie sochinenii v 14-ti tomah (Collected Works in 14 volumes)*. T. 6. Almaty: «Alatau» Publ. (in Russian).
5. Margulan, A. Kh. 2008в. *Sbranie sochinenii v 14-ti tomah (Collected Works in 14 volumes)*. T. 8. Almaty: «Alatau» Publ. (in Russian).
6. Margulan, A. Kh. 2008г. *Sbranie sochinenii v 14-ti tomah (Collected Works in 14 volumes)*. T. 12. Almaty: «Alatau» Publ. (in Russian).
7. Margulan, A. Kh. 2008д. *Sbranie sochinenii v 14-ti tomah (Collected Works in 14 volumes)*. T. 13. Almaty: «Alatau» Publ. (in Russian).
8. Nazarbayev, N. A. 1998. In *Margulan A.Kh. Sbranie sochinenii v 14-ti tomah (Collected Works in 14 volumes)*, 1. Almaty: «Atamura» Publ., 5 (in Russian).
9. Nazarbayev, N. A. 2014. In URL: <http://www.adilet.gov.kz/ru/leaflet/mngilik-el-mnogovekovaya-mechta-o-nezavisimosti-kazahstana> (in Russian).
10. Nazarbayev, N. A. 2017. In URL: http://www.akorda.kz/ru/special/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizatsiya-obshchestvennogo-soznaniya (in Russian).
11. Stepanov, B. 1947. In *Bolshevik Kazahstana (Bolshevik of Kazakhstan)*, 1, 34-47 (in Russian).
12. Chokin, Sh. Ch. 1998. *Chetyre vremeni zhizni: vospominaniya i razmyshleniya (Four times of life: memories and reflections)*. Almaty: «Bilim» Publ. (in Russian).

About the Author:

Margulan Danel A. Special Editor of the “Collected Works of A.Kh. Margulan” in 14 volumes, Almaty, Kazakhstan; dmargulan@list.ru

Мүдделер қактығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қактығысының жоқтығын мәлімдейді.
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 15.10.2018.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 22.10.2018.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.10.2018.

АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАН МҰРАСЫ

© 2018 ж. Ә.М. Манапова

Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімі әлемдік ғылымда кең танылған. Ә.Х. Марғұланның бізге қалдырған мұрасы – бұл әлемдік мәдениет қазынасына қосылған теңдесі жоқ мұра. Ә.Х. Марғұлан алғаш рет Сарыарқаны өз бағытымен қамтыған ҚазКСР ҒА Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының ұйымдастырушы және жетекшісі болды. «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан», «Орталық Қазақстандағы Беғазы Дәндібай мәдениеті» монографияларының баспадан шығуы еліміздің ғылыми өміріндегі аса ірі жаңалық болды. Зерттеушінің Қазақстан археологиясы, архитектурасы, этнографиясы, ежелгі және ортағасырлық тарихы, әдебиет және өнер тарихының басты мәселелеріне арналған 300-ден астам ғылыми және ғылыми танымдық мақалалары жарық көрді. Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан – жан-жақты ғалым. Зерттеген әр салаға өзінің мол мұрасын қосты. Археологиялық мәдени мұраны зерттеуі ең маңыздысы.

Түйін сөздер: археология, Ә.Х. Марғұлан, Орталық Қазақстан, мұра, сәулет, этнография, тас дәуірі, қола дәуірі, металлургия, ортағасыр, қалалар

Таудың биіктігі алыстаған сайын байқалатыны сияқты уақыт өте келе Әлкей Хақанұлының өмір жолы, ғылымда алған орны ұлғая түсуде. Қазақтың белгілі энциклопедист ғалымы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, филология ғылымының және мәдениеттану ғылымының докторы, профессор Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904–1985) алпыс жылдан аса өмірін қазақ халқының тарихын зерттеп, дамытуға археология, этнография, сәулет өнері, өнертану, әдебиет және қазақтың халық ауыз әдебиетінің келелі мәселелерімен айналысты.

Қоғамдық ғылымдардың әртүрлі салаларына қомақты үлес қосқан ғұлама ғалым, өзі зерттеген әр

саланы ұлттық ғылыми дәрежесіне жеткізді, фольклористика, археология, этнография, көне сәулет тарихы т.б. салада қомақты еңбектер қалдырды. Ленинградта іргелі білім алған академик ғалым өзінің бүкіл саналы өмірін ғылымға арнады. Қазақ жерінде сақталған көне ескерткіштер туралы жазылған деректерді терең зерттеп, олардағы мәліметтердің тым аз екенін, елдің, жердің тарихын толықтыратын тек археология екеніне көзі жетті. Ә.Х. Марғұлан археология ғылымының барлық дерлік мәселелеріне тоқталып өтіп, жәнеде өзінен кейінгі зерттеушілерге археология ғылымының дамуы үшін теориялық бағыт бағдар берді. Бұған дейін археолог күрегі тимеген Сарыарқамен мыңдаған шақырым аймақта зерттеу жүргізген ғалым

Орталық Қазақстанда қалыптасып өмір сүрген әртүрлі тарихи кезеңдерден сақталған өркениет ошақтарын ашып, ғылыми айналымға енгізді.

40-жылдардың басынан бастап көне жазба ескерткіштері және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер комплексін іздестіру, табу және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып бастады [Библиография ученых Казахстана, 1984].

Археология дегеніміз – бұл өткен заман ескерткіштерін үздіксіз іздеу, заттай мәдениет комплекстерін, ерте замандағы адамдардың іздерін ашу. Өзімнің экспедициямды, адамдармен сұхбатымды, қазба жұмыстарымды, тапқан заттарымды еске алсам – бұл менің өмірімдегі өте бақытты да қуанышты күндерім. Далада еңбектің бағасы, іске және сөзге деген адалдық сыналады. Мұндай өнбейтін жұмысқа шыдам керек дей келе, мен археолог ғалым М.П. Грязнов пен С.И. Руденконың экспедициясына қатыстым, А.Н. Бернштам, С.С. Черников, Л.Р. Кызласов және басқа да еліміздің атақты ғалымдарымен бірге жұмыс істедім. Өзімнің оқушыларым К.А. Ақышев, М.К. Қадырбаев, Х.А. Алпысбаев, А.М. Оразбаевпен жәнеде жас коллегаларым С.М. Ақынжанов, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзаковичпен және басқаларымен де жұмыс істедім - дейді Н.Э. Масановпен сұхбатында.

Ол археологиялық зерттеу жүргізіп, ол жүргізген зерттеулерін қортындыламас бұрын өзіне дейінгі жүргізілген зерттеулерге тоқталып, сараптама жасап отырған. Мысалы ол «Шығыс Бетпақ – даланың тарихи топографиялық фонь», –

деген мақаласында Шу және Сарысу өзендерінің бассейндеріндегі ескерткіштер жөніндегі мәліметтер: академик А.И. Шренк, Ш. Уәлиханов, геодезист Ю.А. Шмид, статист Л.Р. Чермак, тау инженері А.А. Козырев, гидротехник А.П. Соловьев және басқалардың жазбаларында көрсетілген деп жазды [Марғұлан,1950]. Бұдан ғалымның қаншама салалар бойынша мәліметтермен қанық екенін байқауға болады.

Оның негізгі жеткен жетістігі Қазақстанды кейбір зерттеушілер айтқандай тіршіліксіз дала, уақыт өте кейбір көшпенділердің жолы ғана түйісетін аймақ деген тұжырымын жоққа шығаруы болды. Қазақстан жерінде тіршіліктің, көне мәдениеттің болғандығын, бірақ әртүрлі жағдайларға байланысты олар үзіліп, көне қоныстарды құм басқанын ғылыми тұрғыда анықтап, өз зерттеулерімен дәлелдеп берді.

Қазақстанда бір-бірімен тығыз байланысты әр түрлі мәдени шаруашылық типтердің болғандығын да Ә.Х. Марғұлан бірінші рет күн тәртібіне қойып оны жан-жақты зерттеудің қажеттігін әрқашан айтып отырды. Ол кезде Қазақстанның археологиялық зерттеу тұрғысында ғылым үшін берері болымсыз деушілер пікірі басым болғандықтан да, оның бұл саладағы ғылыми зерттеулерінің маңызы аса зор болды. Осындай келелелі мәселелермен айналысқан ғалымды Қазақстандағы археология ғылымының негізін салушылардың бірі деуіміз әбден орынды.

Оның археологияға қызығушылығын 1948 ж. Мәскеу Университетінің археология кафедрасының студент-дипломнигі кезінен таныс болған Л.Р. Кызласов – Ә.Х. Марғұлан жайында жазған

өзінің мақаласында Әлкей Хақанұлы Марғұланды үш қырынан көрсетеді: бірінші және негізгісі туған жеріне және өз халқына берілгендігі, екіншіден ғылымға берілгендігі, үшіншіден даладағы барлау жұмысына батыл кірісіп кететіндігі. Жаратылысынан аттан түспеген ол түйе үстінде сағаттап желе беретін, «тума талантты шабандоз еді», - деп есіне алады. Сонымен қатар: «Речь пойдет не только об ученом человеке Маргулане, но и об его стране — Центральном Казахстане. Удаленные почти на столетия, туда, назад, в конец 40-х годов, оба они — Маргулан и Центральный Казахстан — оказались для меня неразрывно связанными и одинаково памятными. Тогда, в 1948 году, наступал третий сезон моего путешествия в Древнетюркский каганат, в его увлекательнейшую историю, в его чудом сохранившийся быт... В 1946 и 1947 гг. я работал в Туве» [Кызласов, 2004], - деп Орталық Қазақстан мен Ә. Марғұланды бөліп қарай алмайтынын жазды.

Соғыстан кейінгі жылдарда Ә.Х. Марғұланның негізгі ғылыми зерттеу жұмысы көне мәдени ескерткіштерге өте бай, бірақ шын мәнісінде әлі зерттелмей ғылым үшін беймәлім болып келген Орталық Қазақстанмен тікелей байланысты болды.

1946 жылы тікелей Ә.Х. Марғұланның ұйымдастыруымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды. Аты Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы болғанымен экспедиция Қазақстанның басқа аймақтарында да зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар Оңтүстік, Батыс Қазақстан өңірлері. Ә.Х. Марғұланның алғашқы жылғы

есебінен оның ежелгі тарихты өте жақсы білгендігін байқауға болады. Әр ескерткішке жан жақты сипаттама беріп, өзіне дейінгі зерттеушілер еңбектеріне сілтеме жасап салыстырмалы түрде өз ойын жеткізіп отырады. Есепке жалпы шолу жасасақ: тас балбалдар, тастағы таңбалар, архитектуралық құрылыстар, ежелгі елді мекендер жөнінде мәлімет аламыз. Қаратаудың солтүстік жазығынан (ежелгі Созақ, Баба Ата, Құмкент, Шолақ Қорған, Саудакент, Күлтөбе, Ақтөбе және т.б.) ежелгі қала қалдықтары зерттелді деген жолдардан ортағасырлық қалалар мәселесі алғашқы жылдан-ақ ғалымның назарынан тыс қалмағанын көреміз [Маргулан, 1948].

Ә.Х. Марғұланың өз зерттеулерінде кең ауқымды аймақтарды ғана емес, хронологиялық шеңбері мол ескерткіштерді қамтыды. Ол өз зерттеулерінде неолит дәуірінің тұрағын, Беғазы-Дәндібай және андрон мәдениетінің қоныстары мен қорымдарын, ерте көшпенділер археологиялық ескерткіштері мен халықтардың Ұлы қоныс аударуы тұсындағы ескерткіштерді, тас мүсіндер мен тасқа салынған суреттерді, ирригациялық құрылыспен ежелгі керуен жолдарын, VIII–X ғасырлардағы тастан жасалған архитектураның ескерткіштері және ортағасыр қалаларын, XIII–XIV ғғ. мавзолейлер мен XIV–XIX ғғ. қазақ күмбездерін ашты. Әр жылдардағы жұмыс қорытындылары Ғылым Академиясының хабарларында үзбей жарияланып отырды.

Әлкей Хақанұлының көп жылғы еңбегі К. Ақышев, Ә. Оразбаев, М. Қадырбаевтармен бірігіп жазған «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» [Маргулан и др., 1966] атты кітапта қорытындыланды.

1967 ж. осы ұжымдық монография Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықты иеленді.

Осыдан кейінгі келелі іргелі зерттеу еңбегі көп жылдық зерттеу жұмыстарының жемісті қорытындысы «Орталық Қазақстандағы Беғазы Дәндібай мәдениеті» монографиясы 1979 ж. шықты, бұл кітабы археологиялық ғылыми әдебиеттің алтын қорына енді. Кейін бұл еңбек 1998 ж. ғалымның шығармалар жинағының бірінше томына енді.

Ә.Х. Марғұланның ежелгі заман ескерткіштерінің ішінде тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуі кешенді болмағанмен Қазақстанда жүргізілген зерттеулерді саралаған еңбектері мол. Оның 1998 ж. жарық көрген шығармалар жинағының 1 томында тас ғасыры ескерткіштерінің зерттелуіне жан жақты тоқталып, сараптама жасалды. Осы еңбегінде соңғы 40 жыл ішінде Қазақстанда неолит ескерткіштерін ашу мен зерттеуде археологтар көп жұмыс атқарғандығын талдап жазды.

Ә. Марғұланның зерттеулерінің негізгі бағыты қола дәуірі болды. Қола дәуірі ескерткіштері басқа тарихи кезеңдерге қарағанда көбірек зерттелгенімен, көптеген мәселелер әлі де түбегейлі шешіле қойған жоқ. Мұның өзі отандық археология ғылымының үздіксіз дамуын көрсетеді [Құрманқұлов, 2008].

Қазіргі күнде Ә. Марғұланның ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті андронов мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденсе, бұл екі мәдениеттің арасында Беғазы–Дәндібай мәдениетінің дәнекерлік роль атқаратындығы ғылыми тұрғыда негізделді. Беғазы–Дәндібай мәдениеті әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі және

мәдени жетістігінің көрнектілігі жағынан Триполье, Қарасуктан кем қалмайтын Сарыарқадағы тамаша құбылыс. Бұл мәдениетке ғалым Беғазы, Бұғылы, Саңғыру, Айбасдарасы, Дәндібай ескерткіштерін жатқызады. Қола дәуірінің немесе Беғазы–Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері шығысы Абыралы тауы мен Шыңғыс жотасынан батысы Ұлытау тауына дейін созылып жатыр. Орталық Қазақстанның қола дәуірін айғақтайтын этап ескерткіштері өзіндік ерекшеліктерімен бөлініп көрінеді, бұл бізге дейін жеткен алғашқы монументалды құрылыс (XII–X және X–VIII ғғ. б.д.д.) деп көрсетті Ә.Х. Марғұлан [Марғұлан, 1979].

Ғұлама ғалым қазақ даласында металлургияның даму тарихына көп көңіл бөліп, ежелгі металлургияның көптеген ескерткіштерін ашты және сипаттамасын берді. Олар: Жезқазған, Саяк, Алабұға, Үрпек, Имантау, Шақпақ, Суық Бұлақ, Атасу. Ол өзінің еңбектерінде қазақ даласы алтын мен мыс елі екендігі туралы ертедегі Геродот, Әл-Идриси, Әбілғазы т.б. еңбектерінде кездестіреміз деп атап көрсетеді.

Орталық Қазақстанның топонимикасында кенге байланысты терминдер көптеп кездеседі: Жезді өзені, Жезқазған, Қазан сынған – кен қорыту кезінде қазан сынған жер, Қалайы қазған, Кенгей, Кенгір өзені, Кен қорытқан, Қорғасынтау, Ұстаның жалы, Темірші тау. Қазіргі уақытта ғалымның сипаттамаларының дәлелі іспетті Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Жезқазғаннан алпыс шақырымдай жерде Талдысайда металлургия орталығын ашып зерттеуде.

Қола дәуірінен беріқарай келе жатқан тағы бір ескерткіштер тобы, су қоймалары – тоғандар, Ә.Х. Марғұлан

еңбектерінде ерекше орын алған көктемгі суы тез сарқылатын далада егін салуға мүмкіндік беретін бұл құрылыстардың маңызы зор. Қарапайым адам мүлдем көңіл аудармайтын жер бетінде нобай ғана сақталған бұл тоғандарды тауып, зерттеп, жобасын сызып алу тек Ә.Х. Марғұлан сияқты қазақ даласын алақанындай оқи білетін, аңғарымпаз кісінің ғана қолынан келеді. Ол кісі оннан аса тоғандардың сипаттамасын беріп, сызбасын жасады.

Ә.Х. Марғұланды «мұртты қорғандарды» зерттеушілердің алғашқыларының бірі деуімізге оның басшылығымен 1946 ж. археологиялық экспедицияның есебі ретінде жазған мақаласы дәлел бола алады. Экспедиция Қарағанды облысының Ұлытау, Жезқазған, Жаңаарқа аудандары территориясында орналасқан қорғандарды зерттеді. Қорғандар Сарысу, Кеңгір, Жезді, Байқоңыр және Бұланты өзендерінің маңында көптеп кездеседі.

Сарыарқадағы сақтардың өнер туындылары, дүниетанымын көрсететін тасбетіндегі суреттердің ірі тобын Ә.Х. Марғұлан Байқоңыр, Бұланты бойынан, Теректі әулие бұлағының басындағы таулардан тауып зерттеген. Автордың анықтауынша олардың дүниетанымының биік дәрежеде болғаны, өнерінің жетік екені дәлелденген.

Қазақстанның ортағасырлық археология тарихы өте тереңде жатыр. Ортағасырлық ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізу арқылы сол уақыттағы халықтардың тыныс-тіршілігінен, сол уақыттың мәдени және саяси өмірінен мол мағұлматтар аламыз. Отандық ғылымда Ә. Марғұланның ортағасырлық ескерткіштерді зерттеулерде алар орны ерекше. Оның

жан-жақты ғылыми-зерттеу еңбектерінде ортағасырлық Қазақстандағы қыпшақтардың этномәдени құрылысы мәселесі жоғары орын алады. Болашақта қазақ халқының этноқұрылымында қыпшақ мәселесі негізгі кілті болатыны сенімді болған Ә.Х. Марғұлан бұл мәселені жан-жақты қарастырып отырды. Шығыстанудың ленинградтық классикалық мектебінен алған білім оның мұсылман әлемінің жазбаша ескерткіштерін араб, парсы, ежелгі түрік жазбаларын түпнұсқадан оқуына мүмкіндік жасады. Ол ортағасырлық Ибн Хордадбех, Ибн ал-Факих, Гардизи, ал-Идриси, Бируни, Махмуд Кашгари, Зақрия Казвини, Жамал Кашри, Ауфи және басқа да көптеген авторлардың еңбектерін ғылыми айналымға қосты.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан жас ғалымдар мен аспиранттарына тарихи деректерді рет-ретімен қарауға, қол жетерлік барлық жазба ескерткіштерді қамтуға, әр уақыттағы, әртүрлі бағыттағы және кей уақытта бір-біріне қарама қайшы келетін пікірлерді анықтауға әрқашанда жол сілтеп отырды. Ә.Х. Марғұлан қыпшақтануда айқын із қалдырды, - деп баға берді ҚР ҰҒА академигі Б.Е. Көмеков [Күмеков, 2004].

Ә.Х. Марғұлан XIV ғ. бірінші жартысы деп танылған Нұрадағы қыпшақ қабірін ашты. Бұл қыпшақ қабірі жөнінде 1959 ж. жан-жақты зерттеп, [Марғұлан, 1959] келелі мақала жариялады. Ал академиктің басты мақсаты болған ежелгі түркі тақырыбын оның үш оқушысы жалғастырды. С.М. Ақынжанов қыпшақтар жөнінде бағалы еңбек қалдырды, Б.Е. Көмеков араб және парсы деректері бойынша қимақтар мәселесін, А.Ш. Қадырбаев XIII–XIV ғғ. түріктер мен ирандықтар жайында ортағасырлық қытай деректерін сөйлетті.

Ә. Марғұлан қазақ жеріндегі тас мүсіндерді де ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеді. Ол тас мүсіндерді тауып, көзімен көріп, қолымен ұстап, бұл жөнінде саликалы ой айтып, ғылыми тұжырым жасады. Сөйтіп, бұл ескерткіштердің қазақ халқының көне замандарда осы өңірді мекендеген ата-бабаларының мұрасы екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Сыртқы құрылысы бойынша тас мүсіндер екі түрде кездеседі; бір тобы граниттен жасалған төрт бұрышты тас шарбақтың күншығыс жиегінде, екінші тобы үйген тас обалардың күншығыс жақ етегінде. Ғұлама ғалым ежелгі мал өсіруші тайпалардан қалған жоғарыдағы тас мүсіндерді егжей-тегжейлі зерттей келе, олардың даму тарихын екі кезеңге бөледі. Ә. Хақанұлының айтуынша, мұның бірі VII–VIII ғғ. Түркі қағанаты дәуірінде орнатылған тас мүсіндер, екіншісі VII–XIII ғғ. Орталық Қазақстанды мекендеген Қыпшақ тайпаларынан қалған ескерткіштер.

Академик Ә. Марғұлан Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеудің негізін қалаушылардың бірі болды. Археолог-ғалым басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) 1946–1950 жж. Орталық Қазақстанда, Оңтүстік Қазақстанда, Талас, Шу өңірлерінде және Батыс Қазақстанда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық зерттеулердің барысында 60-тан аса ортағасырлық қалалар мен бекіністер т.б. ескерткіштер ашылды. Олардың 10-ға жуығы Есіл өзенінің бассейнінде, 9-ы Нұраның бассейнінде, 10-ы Сарысудың жағасында, 10-ы Кеңгір өңірінде, 4-і Жезді өзенінің жағасында, 10-ы Ұлытаудың оңтүстік беткейінде,

1-і Ақтауда, 1-і Мойынты өзенінің жоғарғы ағысында, 3-і Қарқаралы тауында, 2-і Баянауыл ауданында орналасқан [Марғұлан, 1978].

Ортағасырлық керуен жолдарын зерттеуде Ә. Марғұланның еңбегі көңіл аударарлық. Оның бір зерттегені Бетпақдала бойымен өтетін бірнеше керуен жолдары. Бетпақдала – Қазақстанның оңтүстігі мен орталық Қазақстан арасында жатқан байтақ шөл дала. Мұның ішінде белгілілері «Хан жолы», «Қарқаралы жолы», «Уанас жолы», «Жетіқоңыр жолы», «Сарысу жолы». Бұлардың барлығы бұрын оңтүстік өлкелермен Орталық Қазақстанды, Ертіс бойын, Күнбатыс Сібірді байланыстырып, олардың арасында мәдени, сауда қарым-қатынастарын күшейтуде маңызды болған жолдар [Марғұлан, 1949].

Ғалым Тараздан шыққан керуен жолы Оққұм, Қызылқорғанды басып өтіп, Болаттауға барғанда Қарқаралы мен Хан жолдарына қосылған дейді. Бұл пікірді Б.Е. Көмеков те қолдайды. Ал М. Елеуов қолдай отырып, кимақ жолының бағытын былайша көрсетеді: Тараздан солтүстікке бет алған кимақ жолы Қоңыртөбе, Шөлтөбе, Кавакеттегі елді мекендер арқылы Қонысбай, Оққұм, Төрткүл, Ынтымақ, Шаруашылық, Байжантөбе қалары мен елді мекендерінен өтіп, Ұланбел өткеліне барғанда, Шу керуен жолын кесіп өтіп Шудың оң жағасына шыққан, онан әрі Қызылтүз шатқалы, Ұзынтау, Ақбастау, Саркөл шатқалдары арқылы өтіп Болаттауға барғанда, Хан жолы мен Қарақаралы жолына қосылған [Елеуов, 1999].

Академик Ә. Марғұлан Уанас, Жетіқоңыр жолдары туралы былай дейді: «Уанас және Жетіқоңыр жолдары оңтүстіктегі Отырар, Түркістан және Созақ қалаларынан басталған. Созақтан бірге шыққан бұл жол Шу өзеніндегі Тайөткел (не

Көкмұрынтай) өткеліне жеткенде екіге бөлінген: бір жол Жетіқоңыр құмдарына қарай бет алса, ал екінші жол (Уанас) Сарысу, Есіл, Нұра өзендері алқабына Ертістің Төменгі ағысына дейін жалғаса берген» [Маргулан 1949].

Оның 1950 ж. шыққан «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» деген еңбегі ортағасырлық Қазақстанның, нақтылай түссек Жетісудан Оралға дейінгі қалалар жөніндегі бірінші еңбек болды. Осы келелі еңбегінде ғалым: «археологиялық материалдар VI–VIII ғғ. Орта Азия мен Қазақстанда қалыптасқан қоныстарды типтерге бөлуге негіз болды. Қоғамдық және тұрғын үйлердің қираған құрылыстарына қарап қоныстарды 6 түрге бөлді. Олар: сауда және қолөнер қоныстары, әскери қамал, керуен сарайлар, жер шаруашылық қоныстары болды. Мұндай қоныс түрлері бір-біріне құрылыс техникасы жағынан ұқсас болғанымен, салу жоспарлары және өлшемдерінде айырмашылықтар болды», -деп қорытты [Маргулан, 1950a]. Сонымен қатар, осы еңбекте Қазақстандағы құрылыс өнерінің даму тарихы да сараланған [Маргулан, 1950a].

Ә.Х. Марғұлан алғашқы болып, отырықшылық мәдениеттің және қалалық мәдениеттің бұрын ғылымда айтылмағын куәларын тауып жаңалық ашты. Ә.Х. Марғұланның этнография саласындағы еңбектеріне келетін болсақ оның әр жылдары жарияланған этнографиялық мақалаларымен қоса қазақтың қолөнері жөніндегі еңбектері ерекше. Бірнеше жыл этнография бөлімін басқара отырып Ә.Х. Марғұлан этнография ғылымының дамуын көп ықпал етті.

Академик Ә.Х. Марғұланның көпқырлылығымен-зерттеу қызметінде ортағасырлық Қазақстандағы қып-

шақ этномәдени қауымының өзекті мәселелері маңызды орын алды. Ә.Х. Марғұлан қазақ фольклорын, оның ішінде қазақтың тарихи жыр-аңыздарына сүйеніп тарих пен этнографияны өзара бір-бірімен тығыз байланыстырып, кешенді тұрғыдан зерттеді. Ол көптеген этнографиялық экспедициялар нәтижесінде қазақ халқының рухани мәдениетіне жататына баяғы заманнан бері келе жатқан көптеген тарихи жыр, аңыздарды, хикаяларды жинап, тарихи тұрғыдан ғылыми құндылығын талдады.

Қазақстанның өнері мен мәдениет тарихының мәселелеріне де Әлкей Хақанұлы ерекше назар аударды. «Қазақтың халықтық қолөнері» атты іргелі еңбегі – этнографиялық және өнертану саласындағы ғылыми ізденістердің тоғысқан тұсы, көп жылдық экспедициялық сапарлардың нәтижесі. Онда қазақтың тұрмыстық заттары жүйелі түрде зерттеліп, олардың жасалуы мен жетілдірілуі көрсетіледі. Шын мәнінде, бұл қазақ қолөнерінің энциклопедиясы, халықтық көркем шығармашылықтың аса көрнекті туындысы. Туған жерге, туған елге деген махаббат оның бүкіл өмір бойына нәр алған таусылмас қайнар бұлағы болды.

Ә. Хақанұлы қазақ халқының этнографиясына байланысты еңбектерінің бірі 1985 жылы жарық көрген ірі монографиялық еңбегі «Ежелгі жыр аңыздары» [Марғұлан, 1985]. Бұл еңбекте ол алғаш рет халықтың жыр-аңыздарын тарихи дерек есебінде пайдаланды.

Ә.Х. Марғұлан археологиямен этнографияны және ауыз әдебиетімен ұштастыра отырып зерттеулер жүргізді. Оның тағы да көңіл бөліп, Қазақстан ғылымы үшін керек екенін түсінген саласы антропология

ғылымы. Қазақстандағы антропологиялық зерттеулердің негізгі шешімдері жеке ғылыми баяндама ретінде Халықаралық конгресстер мен конференцияларда және симпозиумдарда баяндалды. Мысалы 1964 ж. Москва қаласында, 1968 ж. Токио және Киото қаласында өткен Халықаралық конгреске академик Ә.Х. Марғұлан да қатысты. Осындай естеліктерге қарап ғұлама ғалымның Қазақстан ғылымында тағы да бір саланың дамып, өркендеуіне үлкен үлес қосқанын көреміз.

Жас кезінен – ақ ғылым жолын таңдаған Әлкей Хақанұлы оған өте беріліпкеткендігі сонша, тіпті демалыс уақытында да өзінің зерттеулерімен айналысты. Ол кешкісін уақытында қолына домбыра алып күй ойнайтын, өзінің сүйікті әнін салатын. Осы уақытта көз алдына шексіз сары дала мен ежелгі қалалар өтіп жатқандай болатын еді. Әлкей Хақанұлының қолжазбасын оқығанда көзге түсетіні даланың бейнесі елестейді. Ол өзінің көшпенділер тіршілігіне таңқалысын жасырмайтын. Туған жерге, өз халқына деген ыстық сезімі, әдемілікке құштарлығы жоғары еді [Марғұлан Д.А., 1996], - деп еске алады ғалымның қызы Дәнел Әлкейқызы.

Әлкей Хақанұлының қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жан-жақты терең білгірлігі, көшпенділік өмірдің қыр-сырына қанықтығы оның эпикалық жанрдағы зерттеулерінің жан-жақтылығы мен ғылыми тереңдігінің басты кепілі болды. Ә. Марғұлан тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер тарихынан 300-ден астам ғылыми зерттеу жұмысының, 100 ден астам энциклопедиялық мақалалардың авторы. Ә.Х. Марғұланның жұмыс стиліне тән ерекшеліктердің бірі –

оның бірнеше проблеманы зерттеу ісін қатар жүргізуінде. Ол проблемалардың әрқайсысын орындау үшін ондаған ғалымдар көп жылдарын жұмсаған болар еді. Ә.Х. Марғұлан Академияда және Тарих институтында ол он жылдан аса Ш.Ш. Уәлиханов (1961–1972) жайлы материалдарды жүйелеумен айналысты, КСРО мұражайы материалдарын қопарып, Ш. Уәлиханов қаламынан шыққан 300-ге жуық еңбектер тапты. Ол сол еңбектерді өңдеп, жүйелеп, қателерін түзетіп басып шығарған. Нәтижесінде Ш. Уәлихановтың 150 жылдығына арналған 1958 жылы Ш. Уәлихановтың таңдамалы шығармалар жинағы басылып шықты.

Ә.Х. Марғұлан үлкен ғылыми, педагогикалық еңбекті ұйымдастыру ісімен де ұштастыра біледі. Ол көп жылдар бойы этнография бөлімін басқарды, қазақ халқының шығу тегі туралы үйлестіру кеңесін басқарды, онымен бірге Қазақ КСР тарихының барлық басылымдарында редколегия мүшесі болды, Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының ғылыми советінің, маманданған докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау советінің мүшесі болды.

Ә.Х. Марғұлан – дүние жүзі ғалымдарының сан алуан жиындарында, конгресстер мен симпозиумдарда ғылыми баяндамалар жасады. Әсіресе шығыстанушылардың XXV конгресінде «Орталық Қазақстанның қола дәуірі мәдениетінің жаңа ескерткіштерінің ашылуы» [Марғұлан, 1960], VII–VIII антропология және этнография ғылымының дүниежүзілік конгресінде жасаған «Қазақ киіз үйі», «Қазақстанның исламға дейінгі архитектурасы» атты баяндамалары ғылымға қосан үлкен үлес ретінде

жоғары бағаланып, ғалымдар назарын бірден аударды. Ә. Хақанұлы шетелдік шығыстанушы, археолог және этнограф ғалымдармен тығыз байланыс жүргізді. Оның ғылыми еңбектерінің бірқатары шет тілдеріне де аударылды.

Ә.Х. Марғұлан отанымыздағы көптеген ғылыми мекемелермен тығыз байланыс жасауға көп көңіл бөлді. Оны Москва, Ленинград, Новосибирск, Ташкент, Фрунзе және Душанбе қалаларына сан рет диссертациялық жұмыстарға оппоненттікке шақырған.

1946 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Қазақ КСР Ғылым академиясына айналды да, республиканың көрнекті ғұлама ғалымы Ә.Х. Марғұлан академияның корреспондент-мүшесі, ал 1958 жылы толық мүшесі болып сайланды. 1960 жылы оған профессор атағы берілді [Библиография ученых Казахстана, 1984].

Әр жылдары еңбегіне қарай марапатталды: 1942 ж. Қазақ КСР Жоғары Советі грамотасымен; 1944 ж. Қазақ КСР Жоғары Кеңесі грамотасымен; 1945 ж. «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен; 1955 ж. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен; 1964 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасымен; 1967 ж. «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» атты монографиясы үшін

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ КСР ҒА-ның сыйлығына ие болды.

Осы жылы Ленин орденімен; 1970 ж. «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен; 1973 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен; 1974 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Ал 1982 ж. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1984 ж. Халықтар достығы орденімен марапатталды.

1991 ж. 28 тамызда ҚазКСР Министрлер кабинетінің № 496 “Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтын құру” жөнінде қаулысы шықты. 1991 ж. 6 қыркүйекте Археология институты жөнінде ҚазКСР ҒА Президиумының қаулысы қабылданды. Қаулы бойынша жаңа құрылған Археология институтына Қазақстан археологиясының негізін қалаушылардың бірі белгілі ғалымы археолог, тарихшы, филолог, этнограф – республикалық ғылым академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімі берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2004 жылғы 4 ақпандағы № 136 қаулысымен бекітілген Академик Ә.Х. Марғұланның 100 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша 2004 жылы орнатылуға тиіс ескерткіш 2008 ж. қаңтар айында Ұлттық Ғылым академиясының бас ғимаратының жанына орнатылды.

ӘДЕБИЕТ

1. Байпақов К.М., Ақышев К.А. Қазақ археологиясының атасы // Қазақ тарихы. 1994. № 2. 7-10-бб.
2. Библиография Ученых Казахстана. А.Х. Марғұлан. Алма-Ата: Наука, 1984. 67 с.
3. Елеуов М.Е. Шу Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI–XIII ғ. басы): тарих ғыл. докт. ... автореф. Алматы, 1999. 19 б.
4. Күмеков Б.Е. А.Х. Марғұлан как кипчаковед // История цивилизации и духовной культуры кочевников: матер. междунар. конф. Павлодар: ПГУ им. С. Торайғырова, 2004. 28-31-бб.
5. Кызласов Л.Р. А.Х. Марғұлан. К портрету ученого и человека // Ғұлама. Тағдыр. Тағылым (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деркті әңгімелер, очерктер, өлең арнаулар). Павлодар, 2004. 19-26-бб.

6. Құрманқұлов Ж., Байғунаков Д. Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). Алматы: «Кие», 2008. 192 б.
7. Марғұлан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.) // Известия АН КазССР. Сер. историч. 1948. Вып. 4. С. 119-144.
8. Марғұлан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-дала // Вестник АН КазССР. 1949. № 1 (46). С. 68-79.
9. Марғұлан А.Х. Из истории городов строительного искусства древнего Казахстана. Алматы: изд-во АН КазССР, 1950а. 125 с.
10. Марғұлан А.Х. Историко-топографический фон восточной Бетпак-Далы // ВАН КазССР. 1950б. № 6. С. 61-72.
11. Марғұлан А.Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине р. Нуры // ТИИАЭ АН КазССР. 1959. Т. 7. С. 248-261.
12. Марғұлан А.Х. Открытие новых памятников культуры эпохи бронзы Центрального Казахстана // XXV Международный конгресс востоковедов: доклады делегации СССР. М., 1960. С. 10-11.
13. Марғұлан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1979. 360 с.
14. Марғұлан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966. 435 с.
15. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы: «Жазушы», 1985. 368 б.
16. Марғұлан Д.А. Методологические проблемы исторической науки и научное творчество А.Х. Марғұлана // Методы научного познания. Алматы, 1996. С. 108-121.

Автор туралы мәліметтер:

Манапова Әлия Мерекеқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, директорының орынбасары, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (Алматы, Қазақстан); merekeevna@mail.ru

НАСЛЕДИЕ АЛЬКЕЯ ХАКАНОВИЧА МАРГУЛАНА

А.М. Манапова

Имя Алькея Хакановича Маргулана широко известно в мировой науке. Наследие, оставленное нам А.Х. Маргуланом – это бесценный вклад в сокровищницу мировой культуры. А.Х. Маргулан был организатором и руководителем Центрально-Казахстанской археологической экспедиции АН КазССР, которая первой покрыла своими маршрутами Сарыарку. Выход в свет таких монографий, как «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана», «Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана», явилось крупным событием в научной жизни страны. Всего перу исследователя принадлежит более 300 научных и научно-популярных публикаций, посвященных важнейшим проблемам археологии, архитектуры, этнографии, древней и средневековой истории, истории культуры и литературы Казахстана. Академик Алькей Хаканович Маргулан – разносторонний ученый. В каждый предмет своего изучения он вносил весомый вклад. Особенно важным является изучение археологического культурного наследия, оставленное А.Х. Маргуланом.

Ключевые слова: археология, А.Х. Маргулан, Центральный Казахстан, наследие, архитектура, этнография, каменный век, бронзовый век, металлургия, средневековье, города

HERITAGE OF ALKEY MARGULAN

A.M. Manapova

The name of Alkey Margulan is widely known in the world science. The heritage, left to us by A.Kh. Margulan, is invaluable contribution to the treasury of the world culture. A.Kh. Margulan was organizer and head of Central Kazakhstan archaeological expedition of the Academy of Sciences of KazSSR, the first which covered Saryarka with its routes. Publication of such monographs as “From the history of cities and civil engineering of the ancient Kazakhstan”, “Begazy-Dandybay culture of Central Kazakhstan”, was large event in the scientific life of the country. In total more than 300 scientific and popular scientific publications devoted to the major problems of archaeology, architecture, ethnography,

ancient and medieval history, history of culture and literature of Kazakhstan belong to the pen of the researcher. Academician Alkey Margulan is versatile scientist. He brought powerful contribution in each subject of the research. His contribution to studying the archaeological cultural heritage is especially important.

Keywords: archaeology, A.Kh. Margulan, Central Kazakhstan, heritage, architecture, ethnography, Stone age, Bronze age, metallurgy, Middle ages, cities

REFERENCES

1. Baipakov, K. M., Akishev, K. A. 1994. In *Qazaq tarihy*, 2, 7-10 [in Qazaq].
2. *Bibliografiya Uchenyh Kazahstana. A.Kh. Margulan (Bibliography of Scientists of Kazakhstan. A.Kh. Margulan)*. 1984. Alma-Ata: “Nauka” Publ. [in Russian].
3. Eleuov, M. E. 1999. *Shu Talas onirlerinin ortagasyrlyq qalalary men mekenderi (VI–XIII g. basy): tarih gyl. dokt. ... avtořef (The medieval towns and settlements of Shu and Talas (VI–XIII century begining): thez. of the Doctor of History)*. Almaty [in Qazaq].
4. Kumekov, B. E. 2004. In *Istoriya civilizacii i duhovnoj kul'tury kochevnikov (The history of civilization and spiritual culture of nomads)*. Pavlodar: Pavlodar State University named S. Toraygyrov Publ., 28-31 [in Russian].
Рис. 4. Раскоп 2 на рабаде городища Культобе, 2017 г.: хум со знаком-тамгой, фрагмент письменности и медная монета

Fig. 4. Excavation 2 on the Rabad of the Kultobe settlement, 2017: hum with a tamga sign, a fragment of writing and a copper coin

части туши овцы (барана) вблизи ног этого костяка (рис. 6).

Погребальный инвентарь представлен следующими артефактами:

- кувшин столовый керамический грушевидной формы с высокой горловиной, выраженными плечиками и вертикальной петлевидной ручкой на тулове сосуда. Изделие выполнено на гончарном круге из качественного теста, хорошего обжига. Сосуд покрыт светло-жёлтым ангобом, а в нижней части украшен светло-коричневым ангобом (рис. 6, 1).

- серебряная пластина-оклад венчика деревянного сосуда; пластина крепилась на венчике посредством серебряных гвоздиков с круглыми шляпками (всего 16 гвоздиков; рис. 6, 3) и серебряная декоративная пластина прямоугольной формы на кожаное изделие с четырьмя штырьками-

фиксаторами и овальной заклёпкой с обратной стороны (рис. 6, 2).

- серьга бронзовая петлевидная из круглой проволоки с окончанием в виде приплюснутой лопатки (рис. 6, 6), две петлевидные бронзовые подвески из прямоугольной в разрезе проволоки с приплюснутыми окончаниями, соединёнными вместе (рис. 6, 4–5) и круглая серебряная ворворка (рис. 6, 7).

Местонахождение инвентаря следующее: кувшин столовый керамический находился в вертикальном положении вблизи задних конечностей костяка 1; у черепной коробки костяка 1, справа, обнаружены серебряная пластина-оклад и декоративная серебряная пластина; бронзовая серьга находилась справа черепной коробки костяка 2; в верхней части черепной коробки костяка 2 найдена



Рис. 5. Могильник Культобе 2. Погребение, инвентарь в катакомбе 2
 Fig. 5. Burial Kultobe 2. Burial, inventory in the catacomb 2

бронзовая ворворка; в районе таза костяка 2 зафиксированы две бронзовые петлевидные подвески (рис. 6).

Курган 2. В центре под насыпью, с незначительным смещением в западный сектор, на глубине 3,5 м от уровня дневной поверхности была обнаружена «Т»-образная трёхчастная катакомба с узкотраншейным дромосом, которая включает узкотраншейный беступенчатый дромос, аркообразный в разрезе лаз, связывающий дромос с погребальной камерой (проем лаза в древности был заложен прямоуголь-

ным кирпичом-сырцом) и сводчатую полую овально-прямоугольной планировки погребальную камеру.

Катакомба вытянута по линии С-Ю, на дне камеры открыто одиночное погребение, сильно потревоженное древними грабителями: разрушенные останки костяка и погребального инвентаря в беспорядке располагались на полу у восточной стенки камеры (рис. 7, I.I).

Обряд погребения (предположительно): труположение на спине. В числе иных особенностей обря-



Рис. 6. Могильник Кылышжар, юго-западная группа курганов. Катакомба 1 (погребение, инвентарь)

Fig. 6. Kylyshjar burial ground, southwestern group of mounds. Catacomb 1 (burial, inventory)

да отметим факт фиксации фрагментов дерева и угля, а также – наличие костных останков от овцы (барана).

Погребальный инвентарь представлен следующими артефактами:

- кувшин столовый керамический грушевидной формы, с выраженной горловиной без ручек. Сосуд выполнен из качественного, почти без примесей, теста, на быстро вращающемся гончарном круге, обжи-

га хорошего. Кувшин декорирован красно-коричневым ангобом, поверх которого в нижней части сосуда, начиная от плечиков, нанесён чёрный ангоб посредством погружения кувшина в ангобную массу (за счёт этой манипуляции образовался ровный пояс, разделяющий два цвета ангоба). Кроме всего, вся поверхность сосуда украшена брызгами насыщенного чёрного ангоба (рис. 7, I.2).



Рис. 7. Могильник Кылышжар, юго-западная группа курганов. Катакомба 2 (погребение, инвентарь)

Fig. 7. Kylyshjar burial ground, southwestern group of mounds. Catacomb 2 (burial, inventory)

- части венчика и боковины крупного кухонного грушевидно-банкообразного горшка без ручек (форма восстанавливается). Сосуд сделан вручную из грубого, с большими примесями дресвы, шамота и растительности теста; обжиг кострового. Нижняя часть горшка покрыта ангобом жёлто-коричневого цвета, внешняя поверхность носит следы использования на открытом огне (закопчена; рис. 7, I.3).

- железные черешковые трёхлопастные наконечники стрел с опущенными и прямыми жальцами (4 экз.) (рис. 7, II.2–4) и железный черешковый двулопастный вильчатый наконечник стрелы (рис. 7, II.5); на черешках всех наконечников отмечены следы от деревянных древков);

- железный черешок кинжала (рис. 7: II.1), круглое каменное на-

вершие от него с отверстием в центре (рис. 7: II.17), две железные скобы (рис. 7: II.6–7) и железные окончания от черешков ножей (кинжалов) (рис. 7: II.8–10);

- крупная круглая железная пряжка с подвижным язычком (атрибут конской экипировки) (рис. 7: II.12), две прямоугольные железные пряжки с подвижным язычком (атрибуты кожаной обуви) (рис. 7: II.18, 20) и круглая железная пряжка без язычка (рис. 7, II.19);

- часть железной втулки с остатками дерева (атрибут ножен кинжала) (рис. 7: II.16) и часть бронзовой декоративной пластины со шляпками от заклёпки (рис. 7: II.13);

- крупная ребристая бусина из египетского фаянса (рис. 7: II.11) и небольшой фрагмент мела (рис. 7: II.15).

2. Вопросы хронологии

В контексте хронологии остановимся на некоторых аналогиях и параллелях археологическому материалу из городища Культобе арысского и катакомб могильника Культобе 2 и Кылышжар. В качестве уверенных хроно-индикаторов выступают нумизматическая находка и несколько значимых артефактов, дающих основание для соответствующих выводов. В их числе железные наконечники стрел, часть кинжала (черешок и каменное навершие рукояти), серебряная обкладка венчика деревянного сосуда, ребристая бусина из египетского фаянса.

Несомненно, самой важной их них является медная монета. Метрические и сюжетно-иконографические составляющие этой монеты позволяют связывать её с множественной эмиссией в недавнем прошлом безымянного кушанского правителя из серии «Soter Megas», которая в свете новых данных принадлежит второму кушанскому царю, сыну основателя империи Куджулы Кадфиза, Вима I Такто, правившему в 80–90 годы I века н.э. [Ртвеладзе, 2002, с. 141-144].

В качестве датирующего материала из катакомб Южного Казахстана однозначно выступают железные черешковые наконечники стрел с «опущенными» и прямыми жальцами, которые широко встречаются в погребальных памятниках сарматов I в. до н.э. – III в. н.э. [Хазанов, 1971, с. 39; табл. XX, 20–21; табл. XXI, 22, 24; Скрипкин, 1990, с. 135-141; рис. 24, 33, 35–36, 54; Мошкова, 1989а, с. 185; табл. 81, 11, 16, 37, 40б; Симоненко, 2010, с. 96-99; рис. 68, 1, 3; рис. 69]. Подобные железные черешковые трёхлопастные наконечники стрел находят аналогии и в среднеазиат-

ских материалах первых веков до н.э. – первых веков н.э. [Литвинский, 1965, с. 77-81; рис. 4; Горбунова, 2000, с. 40-41; рис. 1, 3, 5, 16; рис. 2, 1, 4].

Железные мечи и кинжалы без навершия и перекрестия характерны для конца среднесарматской и всей позднесарматской культуры рубежа – III в. н.э. [Мошкова, 1989б, с. 195-197, табл. 81, 59, 60–61; Симоненко, 2010, с. 46, рис. 29-30; рис. 37: мечи «с рукоятью-штырём» 2-го типа]; зафиксированы они в указанное время и в погребальных памятниках Средней Азии [Обельченко, 1972, с. 57-62, рис. 1; 1973, с. 159-171: курганы 1, 2, 6 и 8 Агалыксайского могильника, могильники близ Самарканда, которые датируются первыми веками до н.э. – первыми веками н.э.; Обельченко, 1978, с. 119-121], Средней Сырдарьи [Максимова и др., 1968, с. 184; рис. 3; табл. IV, 1; 3].

Аналогии серебряной обкладке на венчик деревянного сосуда имеются в материалах могильника Покровка 10 позднесарматского времени (Южное Приуралье, II–III вв. н.э.) [Малашев, Яблонский, 2008, с. 50; рис. 155, 1–3].

К числу других базовых хроноиндикаторов следует отнести большую ребристую бусину из египетского фаянса. Подобные бусины в сочетании с другими изделиями из египетского фаянса в составе наборных ожерелий и ручных браслетов широко распространены в среде сарматов Евразии в I в. до н.э. – III в. н.э. [Алексеева, 1975, с. 25; 1984, с. 237; Мошеева, 2010, с. 152; Литвинский, Седов, 1984, с. 64].

Отметим также уникальный факт местонахождения в одном культурном слое на городище Культобе арысском одновременно трёх значимых в контексте хронологии и куль-

турного наполнения находок (хум с сарматским знаком, медная монета и фрагмент кангюйского письма), который позволяет уверенно датировать их концом I в. н.э. (рис. 4).

Корреляция приведённых выше аналогий и хронологических выкладок позволяют отнести новые археологические материалы из памятников Южного Казахстана ко времени I в. до н.э. – III в. н.э. (возможно, начало IV в. н.э.).

3. Этно-культурные и исторические интерпретации

В региональном и историческом контекстах упомянутые материалы имеют прямое отношение к государству Канцзюй (Кангюй) и иным племенным объединениям (сарматы, сюнну, усунь), входящих в состав Кангюй, или имеющих с ним экономические, политические и культурные контакты. В этой связи заслуживает внимания факт обнаружения монеты чекана Вима I Такто, свидетельствующий о том, что северо-восточные границы Великой Кушанской империи простирались в то время до Кангюй. Это объективно предполагает наличие экономических, культурных, и, возможно – политических контактов между двумя мощными государствами древности. Кроме всего, находка этой монеты важна ещё и тем, что она выступает в роли аргументированного хроно-

индикатора как для строительного горизонта кангюйского периода (хум со знаком), так и для фрагмента культобинского (согдийского, кангюйского) письма на керамических кирпичих-таблицах, обнаруженного здесь же.

Следует отметить, что исследуемые артефакты, полученные из городища Культобе арысского и катакомб могильников Культобе 2, Кылышжар, в этно-культурном плане по нескольким параметрам (обряд погребения, оружие, изделия из египетского фаянса, знаки) уверенно связываются с сарматами. Присутствие как европейских (так азиатских) сарматов на территории Южного Казахстана на рубеже эр и в первые века н.э. в настоящее время в научных кругах казахстанских исследователей не вызывает сомнения [Подушкин, 2000, с. 150-153; 2010, 207-217].

Что касается находки 16-го фрагмента уникальной письменности на обожжённых кирпичих-таблицах городища Культобе арысского, то она интересует нас только в связи с упоминанием в одном из текстов этого письма «людей шатров» (т.е. кочевников), которые имели косвенную причастность к основанию города, причём в качестве этих «людей шатров» вполне могли выступать сарматы [Sims-Williams, Grenet, Podushkin, 2007, с. 1006-1034].

ЛИТЕРАТУРА

1. Алексеева Е.М. Античные бусы Северного Причерноморья. САИ. Вып. Г 1-12, М.: Наука, 1975. 104 с.
2. Алексеева Е.М. Бусы и подвески // Античные государства Северного Причерноморья. М.: Наука, 1984. С. 237-239.
3. Горбунова Н.Г. О вооружении среднеазиатских скотоводов (II (III?) в. до н.э. – V в. н.э.) // РА. 2000. № 2. С. 40-51.
4. Обельченко О.В. Агальксайские курганы // ИМКУ. Ташкент, 1972. Вып. 9. С. 56-72.
5. Обельченко О.В. Курганы в окрестностях Самарканда // Афрасиаб. Ташкент: АН УзССР, 1973. Вып. II. С. 157-172.

6. Обельченко О.В. Мечи и кинжалы из Согда // СА. 1978. № 4. С. 115-127.
7. Литвинский Б.А. Среднеазиатские железные наконечники стрел // СА. 1965. № 2. С. 75-91.
8. Литвинский Б.А., Седов А.В. Культы и ритуалы Кушанской Бактрии. М.: Наука, 1984. 240 с.
9. Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. Алма-Ата: Наука, 1968. 258 с.
10. Малашев В.Ю., Яблонский Л.Т. Степное население Южного Приуралья в позднесарматское время (по материалам могильника Покровка 10). М.: Восточная литература, 2008. 365 с.
11. Мошеева О.Н. Египетский фаянс в сарматских погребениях Нижнего Поволжья // Нижневолжский археологический вестник. 2010. Вып. 11. С. 147-169.
12. Мошкова М.Г. Среднесарматская культура // Археология СССР. Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время. М.: Наука, 1989а. С. 177-191.
13. Мошкова М.Г. Позднесарматская культура // Археология СССР. Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время. М.: Наука, 1989б. С. 191-202.
14. Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана IV в. до н.э. – VI в. н.э. Туркестан, 2000. 202 с.
15. Подушкин А.Н. Сарматы в Южном Казахстане // Древние культуры Евразии: матер. междунар. научн. конф., посвящ. 100-летию А.Н. Бернштама. СПб.: ИИМК РАН, 2010. С. 207-217.
16. Ртвеладзе Э.В. Древние и средневековые монеты историко-культурных областей Узбекистана. Ташкент, 2002. Т. I. 304 с.
17. Симоненко А.В. Сарматские всадники Северного Причерноморья. СПб.: Факультет филологии и искусств СПбГУ; Нестор-История, 2010. 328 с.
18. Скрипкин А.С. Азиатская Сарматия. Проблемы хронологии и её исторический аспект. Саратов: изд-во Саратовского ун-та, 1990. 299 с.
19. Хазанов А.М. Очерки военного дела сарматов. М.: Наука, 1971. 172 с.
20. Sims-Williams N., Grenet F., Podushkin A. Les plus anciens monuments de la langue sogdienne: les inscriptions de Kultobe au Kazakhstan // Academie des Inscripton & Belles. Paris, 2007. С. 1006-1034.

Сведения об авторе:

Подушкин Александр Николаевич – доктор исторических наук, профессор кафедры Истории Казахстана и мира, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет (г. Шымкент, Казахстан); p_a_n_alex@mail.ru

**2016–2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ АРЫС КҮЛТӨБЕСІНДЕГІ, КҮЛТӨБЕ
ЖӘНЕ ҚЫЛЫШЖАР ҚАБІРЛЕРІНДЕГІ
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР**

А.Н. Подушкин

Мақалада арыстық Күлтөбе көне қалашығының жаңа археологиялық кешендерін, Күлтөбе 2 және Қылышжардың жерлеу алаңдарының 2016-2017 жылдардағы жұмыстарының нәтижесінде алынған катакомбаларды талдауға арналған. Табылған олжалардың толық сипаттамасы келтірілген, зерттелетін ескерткіштердің хронологиясы мен этномәдени бірлестігі мәселелері қамтылып, олардың Қаңлы мемлекетімен байланыстыруға және б.д.д. I ғасыр б.д. III ғасырмен мерзімдеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: археология, Оңтүстік Қазақстан, Арыс мәдениеті, катакомб қабірлері, сарматтар, қаңлы, Күлтөбе жазбалары

ARCHAEOLOGICAL WORK ON THE SITE KULTOBE ARYSS, BURIAL GROUNDS KULTOBE AND KYLYSHJAR IN 2016–2017

A.N. Podushkin

The article is devoted to the analysis of new archeological complexes of the ancient settlement of Kultobe Aryss, the catacombs of the burial grounds of Kultobe 2 and Kylyshjar, obtained as a result of works 2016–2017. A complete description of the artifact material is given, the issues of chronology and ethno-cultural affiliation of the studied monuments are covered, which allow them to be associated with the Kangyu state and the I century BC – III century AD.

Keywords: archaeology, Southern Kazakhstan, Arys culture, catacomb burials, sarmatians, Kangyu, Kultobe writing

REFERENCES

1. Alekseeva, Ye. M. 1975. *Antichnye busy Severnogo Prichernomor'ya. Svod arheologicheskikh istochnikov (Antique beads of the Northern Black Sea. Archaeological sources)*, Г1-12. Moscow: Nauka Publ. (in Russian).
2. Alekseeva, Ye. M. 1984. In *Antichnye gosudarstva Severnogo Prichernomor'ya (Antique states of the Northern Black Sea region)*. Moscow: Nauka Publ., 237-239 (in Russian).
3. Gorbunova, N. G. 2000. In *Rossiiskaya arheologiya (Russian Archaeology)*, 2, 40-51 (in Russian).
4. Obelchenko, O. V. 1972. In *Istoriya material'noj kul'tury Uzbekistana (The history of material culture of Uzbekistan)*, 9, 56-72 (in Russian).
5. Obelchenko, O. V. 1973. In *Afrasiab, II*. Tashkent: UzbekSSR Academy of Sciences Publ., 157-172 (in Russian).
6. Obelchenko, O. V. 1978. In *Sovetskaya arheologiya (Soviet archaeology)*, 4, 115-127 (in Russian).
7. Litvinskiy, B. A. 1965. In *Sovetskaya arheologiya (Soviet archaeology)*, 2, 75-91 (in Russian).
8. Litvinskiy, B. A., Sedov, A.V. 1984. *Kulty i ritualy Kushanskoy Baktrii (The cults and rituals of Kushan Bactria)*. M.: Nauka Publ. (in Russian).
9. Maksimova, A. G., Mershchiev, M. S., Vaynberg, B. I., Levina, L. M. 1968. *Drevnosti Chardary (Antiquities of Chardara)*. Alma-Ata: Nauka Publ. (in Russian).
10. Malashev, V. Yu, Yablonskiy, L. T. 2008. *Stepnoe naselenie Yuzhnogo Priuralya v pozdnesarmatskoe vremya (po materialam mogilnika Pokrovka 10) (Steppe population of the Southern Urals in the Late Sarmatian time (according to the materials of the Pokrovka 10 burial ground))*. Moscow: "Vostochnaya literature" Publ. (in Russian).
11. Mosheeva, O. N. 2010. In *Nizhnevolzhskiy arheologicheskii vestnik (Lower Volga archaeological bulletin)*, 11, 147-169 (in Russian).
12. Moshkova, M. G. 1989a. In *Arkheologiya SSSR. Stepi evropeyskoy chasti SSSR v skifo-sarmatskoe vremya (Archaeology of the USSR. The steppes of the European part of the USSR in the Scythian-Sarmatian time)*. Moscow: "Nauka" Publ., 177-191 (in Russian).
13. Moshkova, M. G. 1989b. In *Arkheologiya SSSR. Stepi evropeyskoy chasti SSSR v skifo-sarmatskoe vremya (Archaeology of the USSR. The steppes of the European part of the USSR in the Scythian-Sarmatian time)*. Moscow: "Nauka" Publ., 191-202 (in Russian).
14. Podushkin, A. N. 2000. *Arysskaya kultura Yuzhnogo Kazakhstana IV v. do n.e. – VI v. n.e. (Arys culture of southern Kazakhstan IV century BC – VI century AD)*. Turkestan (in Russian).
15. Podushkin, A. N. 2010. In Alyokshin, V. A., Kircho, L. B., Sokolova, L. A., Stegantseva, V. Ya. *Drevnie kultury Evrazii (k 100-letiyu A.N. Bernshtama) (Ancient cultures of*

Eurasia (to 100th anniversary of Bernshtam, A. N.). Sankt-Petersburg: Institute of Material Culture History RAN, 207-217 (in Russian).

16. Rtveladze, E. V. 2002. *Drevnie i srednevekovye monety istoriko-kulturnykh oblastey Uzbekistana (Ancient and medieval coins of historical and cultural regions of Uzbekistan)*, I. Tashkent (in Russian).

17. Simonenko, A. V. 2010. *Sarmatskie vsadniki Severnogo Prichernomor'ya (Sarmatian horsemen of the Northern Black Sea)*. Sankt-Petersburg: Faculty of Philology and Arts, St.Petersburg State University; "Nestor History" Publ. (in Russian).

18. Skripkin, A. S. 1990. *Aziatskaya Sarmatiya. Problemy khronologii i ee istoricheskiy aspekt (Asian Sarmatia. Problems of chronology and its historical aspect)*. Saratov: Saratov University Publ. (in Russian).

19. Khazanov, A. M. 1971. *Ocherki voennogo dela sarmatov (Sketches of military affairs of the Sarmatians)*. Moscow: Nauka, 172 s. (in Russian).

20. Sims-Williams, N., Grenet, F., Podushkin, A. 2007. In *Academie des Inscription & Belles*. Paris, 1006-1034.

About the Author:

Podushkin Alexander N. Doctor of History, Professor of the Department History of Kazakhstan and the World, South Kazakhstan State Pedagogical University, p_a_n_alex@mail.ru

Мүдделер қактығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қактығысының жоқтығын мәлімдейді.
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.05.2018.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 04.06.2018.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 11.06.2018.

ТАҒДЫРЫ ЖҰМБАҚ ҚЫШҚАЛА

© 2018 ж. Д.А. Талеев, М. Елеуов, С. Есенов


Мақалада Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 30 км жерде, Қоғалыкөл ауылының маңында орналасқан Қышқала қалашығында 2018 ж. жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі жайлы мәліметтер баяндалады. Қышқаланың осыған дейінгі археологиялық зерттелу тарихына шолу жасалып, оның деректерден белгілі тарихи қаламен баламалану мәселесі қарастырылған. Қалашықтың тарихи атын анықтауда мамандар арасындағы әртүрлі көзқарастар сараланған. Сондай-ақ көпшілік мамандардың Қышқаланың Сырдарияның көне арнасы Баршындарияның бойындағы Баршынкент қаласының орны деген пікірлеріне сүйене отырып, Баршынкент қаласы туралы сақталған жазба деректердің мәліметтері топтастырылған.

Түйін сөздер: археология, Қызылорда, Көлтоған, Қышқала, Қыштөбе, зерттеу, деректер, баламалау, қазба, барлау, топография

Кезінде ортағасырлық қаланың орны болған Қыштөбе қалашығы Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 25 км жердегі Қоғалыкөл ауылының оңтүстігінде 2 км жерде, Сырдарияның сағасы Жаңадарияның оң жағалауында жатыр. Сыртында қорғаныс қабырғалары жоқ, мәдени қабаты 1–2 метрге дейін сақталған қалашық 50 гектарға жуық аймақты алып жатыр (сур. 1). 30 гектар шамасында болатын орталық бөлігі біртұтас және үстінде күйдірілген қыш сынықтары өте көп. Сондықтан болар жергілікті тұрғындар бұл қалашықты Қыштөбе (Қышқала) деп атап кеткен. Ал шеткі аймақтары жеке-жеке жатқан төбешіктерден тұрады. Олар негізінен қалашықтың шығыс және оңтүстік бөлігін алып жатыр. Бұлар шамасы бір кездегі жеке иеліктердің (усадыба) орындары болуы мүмкін.

Қалашықтың географиялық координаттары: С.44°44'27"; Ш.65°11'03", теңіз деңгейінен биіктігі 122 м. Ескерткіштің басым бөлігін бұл күнде шеңге, жыңғыл және сексеуіл басып кеткен.

Қалашықтың зерттелу тарихы шым-шытырық. Олай дейтініміз Қыштөбе зерттеушілерге ХІХ – ғасырдың екінші жартысынан бастап белгілі болғанмен ХХІ ғ. ғылымында ескерусіз қалған. 2011 ж. жарық көрген Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағының Қызылорда облысына арналған 504 беттік жинағына еңбей қалған. Тіпті облыстық ескерткіштерді қорғау инспекциясының ресіми тізімінде алынбай келген. Алғаш қалашық жайлы мәлімет Түркістандық археологиямен қызығушылар үйірмесінің белді мүшесі В. Каллаурдың



Сур. 1. Қышқала қалашығы орналасқан аймақтың картасы

Fig. 1. Map of the settlement of Kyshkala

мақаласында айтылады [Каллар, 2011а, с. 245; 2011б, с. 211]. Ол өзінің Перовск уезіндегі 1219 ж. Шыңғысхан талқандаған қалалар жайлы мақаласында Перовскіден 25–30 км жерде Қыс-Кала (Гыш-Кала) жатқаны жайлы айта келіп, оны Жент қаласының орны болуы мүмкін деген болжам жасаған.

1946 жылы С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) қышқалада [С.П. Толстов бойынша Қыш-төбе – авт. ескертпесі] болып, оның үстінде шашылып жатқан ыдыс сынықтарын, заттарды жинап, картада Қыштөбенің ортағасырлық Асанас пен Женттің аралығында орналасқанын көрсеткен [Толстов, 1948]. Қыштөбені Ә.Х. Марғұлан өзінің ортағасырлық қалалар жайлы монографиясында Сырдарияның төменгі ағысында

болған Барчинкент (Барчинлыкент) Жент пен Жанкенттің аралығында орналасқан деп берген. Сондай-ақ ол қаланың орны Қызылорда мен Шиелінің аралығындағы Қызқала деп көрсеткен [Марғұлан, 1950, с. 76–78]. Қалашықтың орналасқан жері К.А. Ақышпытың жетекшілігімен 1960 жылы жарық көрген Қазақстанның археологиялық картасында Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 25 км жердегі жекелеген құрылыстар кирандысы Қызқала деп берілген [Археологическая карта Казахстана, 1960, с. 225, № 3318].

1960 жылы белгілі әдебиетші Ә. Қоңыратбаев Ғ. Мұсабаевпен бірге Қышқалада бақылау жұмыстарын жүргізген. Ол туралы Ә. Қоңыратбаев өз еңбегінде былай деп жазған: «Қышқала демектің мағынасы онда қыштан салынған кішігірім Сарай

(орда) болған... 1960 жылы біздер бірер метр жерін қазып, күйдірілген кірпіштен жасалған бармақтай сырлы құмыра таптық. Ішіне 25 грамм су кетеді, тұтқасы сынған. Осы төбенің астынан күміс ақша табылған. Сол жерден 1960 жылы мен сор бетіне шығып қалған алтын теңге таптым» [Қоңыратбаев, 1987, 336 б.; 2004, 151 б.]. Сонымен қатар Ә. Қоңыратбаев Қышқаладағы моладан адамның, аттың сүйектері, сырланған көзелер сынығы табылғанын айта келіп: «Бірақ бұл жерде [Қышқаланы айтып отыр – авт. ескертпесі] камалдың ізі жоқ... «Қышқала» деген атау ел аузында жүрген кейінгі сөздер болса керек. Сыр бойында ондай қаланың аты жоқ» – дейді [Қоңыратбаев, 1987, 336 б.]. Қыштөбенің маңындағы Қоғалыкөл ауылының тұрғыны Исламбек ақсақалдың айтуынша Қыштөбеге 1976 жылы Ә.Х. Марғұлан Ә. Қоңыратбаевпен бірге қайта келген. Сол сапарында ішінде мыс теңгелері бар кішігірім құмыра табылған. Құмыраны Ә.Х. Марғұлан өзімен бірге алып кеткен. Бірақ, сол сапары жайлы академик ешқандай жазба мәлімет қалтырмаған. Шамасы Ол кісінің қолжазбасы жарияланбай қалса керек.

Қышқала қалашығында алғашқы археологиялық қазба жұмыстарына 1990 ж. Қызылорда мемлекеттік пединститутың Т. Мәмиев басқарған студенттер тобы мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен арнайы шақырылған М. Елеуов пен Д.А. Талеев келіп қатысты [Мәмиев, 1999, 27 б.]. 1990-жылдарда Қышқалада жүргізілген қазба жұмыстарының барысы, онан ашылған құрлыстар, табылған археологиялық заттар Т. Мәмиевтің «Кейінгі ортағасырдағы Арал

өңірінің қалалары (XIII–XVIII ғғ.)» тақырыбына тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациялық жұмысында қысқаша жазылған [Мәмиев, 2000, 64–69 б.].

Мәмиев Қоғалыкөл ауылынан 2 км оңтүстік–шығыста орналасқан Қышқалада зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде оның діни, қоғамдық, азаматтық құрылыстар қирандыларының орны дөңгелек төбелерден тұратынына көңіл аударған. Мысалы, Мәмиев өз есебінде бірінші төбенің диаметрі 200 м, биіктігі 2 м, екінші төбенің диаметрі 300 м, биіктігі 2,5 м ал үшінші төбенің диаметрі 300 м, биіктігі 3 м, төртінші төбенің диаметрі 500 м биіктігі 5 м деп көрсеткен. Олардан табылған қыш кірпіштердің өлшемдері 25×7×12 см, 25×6×27 см. Ол 1992 ж. солтүстіктен оңтүстікке қарай өткен орталық көшесіндегі мешіт және тұрғын үй кешендерінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді [Мәмиев, 2000, 52 б.]. Қазба барысында табылған жапсырма өрнегі бар плиталардың сынықтары табылды. Онда араб тілінде жазылып көгілдір, ақшыл түспен өрнектер салынған. Қазба барысында көптеген сырлы және сырланбаған ыдыс сынықтары мен шыныдан жасалған ыдыс сынықтары, моншақ үзінділері кездесті.

Сол кезде салынған стратиграфиялық қазба нәтижесі бойынша құрылыс қабаты 60 см тереңдіктен тұрады. Оның жоғарғы 10 см тығыз қабаттан, 7 см ағаш пен қамыс күлі аралас қабаттан, 20 см қамыс, 3,5 см кесек аралас бос қабаттан түзілген. Қазба барысында аршылған үй құрылыстарының топографиясы мен табылған заттар кешенін Отырар қаласының мате-

риалдарымен салыстыра келе автор қалашық XIII–XVIII ғғ. аралығында өмір сүрген деген болжам жасаған. Қазбадан табылған мыс бақырларды Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары Р.З. Бурнашева мен С. Юсупова зерханалық сараптаудан өткізген [Мәмиев, 2000, 64–68 б.]. Мәмиевтің есебінде қалашықтың қолдан сызылған жобасы, қазбаның жобасы және қазбадан табылған жәдігерлердің суреттері берілген.

Жергілікті тұрғындардың мәлімдеуінше содан кейін де археолог мамандар Қыштөбеде бірнеше рет болған, кішігірім қазба да салынған бірақ, ол туралы ешқандай есеп жоқ. Ең өкініштісі Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағына Қыштөбенің енбей қалғаны. Ескерткіш 1960 ж. жарық көрген Қазақстанның археологиялық картасында бола тұрып, осы күнгі мамандардың назарынан тыс қалған. Жоғарыда берілген қалашықтың сипаттамасы 2018 ж. құрылған Қышқала археологиялық экспедициясының (М. Елеуов) зерттеулері нәтижесі.

Жазба деректері мен баламалану мәселесі

Жазба деректері туралы айту үшін алдымен қалашықтың тарихи атын анықтау, яғни баламалану мәселесіне тоқталу қажет. Көпшілік зерттеушілер Қыштөбені немесе Қышқаланы (Қызқала) ортағасырлық бірсыпыра деректерде кездесетін Баршынкент қаласының орны деп болжаған және оған қарсы пікірлер де болған. Енді соларға қысқаша тоқтала кетелік. В.А. Каллаур 1899 ж. өзі ашқан Қышқаланы Қысқала (Гышқала) деп атап, оны Жент қаласымен баламалаған [Каллаур, 2011б, с. 211], сонымен қатар, ол Жөлектен 80 верст жерде орналасқан Барчинлыг-

кент (Бархалыгкент) қаласы бар деп көрсеткен [Каллаур, 2011а, с. 286].

Қышқаланы Баршынкенттің орны болуы мүмкін деген пікірді алғаш айтқан Ә.Х. Марғұлан болатын. Ол қаланың атауын Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршынның есімімен байланыстырған [Марғұлан, 1950, с. 76–78]. Каллаур Сырдарияның Өзкенттен Сырлытамға дейінгі және одан әрі қарайғы көне арналарына Баршындария деп аталған расталса, онда Барчинлыгкент сол дарияның бойында болуы тиіс [Каллаур, 2011а, с. 211; 2011б, с. 245]. Ондай жағдайда жоғарыда сипатталған Төбесіойық (Қасым ата) қалашығы Барчинлыгкенттің қираған орны болуы мүмкін ғой? деген ой салған. Сондай-ақ В.А. Каллаур Өзгент, Бархалыгкент, Ашнас және Жент қалаларының орналасу ретіне тоқтала келіп: «... Джучи – хан после разрушения Саганака отправился в Узгент, затем в Бархалыгкент, Ашнас и Джент: следовательно, Бархалыгкент должен быть ниже Узгента и по пути в Ашнас» – деген де пікір қалдырған [Каллаур, 2011а, с. 245]. В.А. Каллаурдың бұл пікірімен келісу қыйсынсыз, себебі П. Карпинидің жазғаны бойынша Ианкинт, Бархин және Орнас (Асанас) қалалары осы ретпен орналасқан [Путешествие..., 1993, с. 41].

В.В. Бартольд Қышқаланы Жентпен баламалаған В.А. Каллаурдың пікіріне қосыла отырып [Бартольд, 1965, с. 235], Өзгенттен 7 верст жердегі Каллаур сипаттаған, аумағы 600 қадам келетін шағын бекіністің құландысын [Төбесіойық – авт. ескертпесі] Барчинлыгкенттің орны болса керек дейді [Бартольд, 1965, с. 228]. Ал Императорлық археологиялық комиссияның мүшесі, археолог П. Лерхтің «Ар-

хеологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году» атты еңбегінде Бархалигкенд деген қала Сығанақ пен Өзгент қалаларының аралығында деп көрсетілген [Лерх, 1870, с. VII]. Енді Қышқала мен Баршынкенттің баламалануы жөнінде Ө. Қоңыратбаевтың болжамдарына тоқталсақ: «В.А. Каллаурдың айтуынша Жент қаласының орны—Қышқала (Томарөткел)... Жентікөлдiң батысында Баршыңғылкент, Рабат Туғани қаласы болған». «... Қышқала демектің мағынасы – онда қыштан салынған кішігірім сарай (орда) болған. Сонда қыш көп табылған. Бұл сарайдың орны бар» [Қоңыратбаев, 2004, 336 б.; 1987, 151 б.].

1960 жылы Қышқалада зерттеу жүргізген Ө. Қоңыратбаев Жент пен Баршынкенттің баламалануына тоқтала келіп, олар туралы былайша болжам жасаған: «Сонымен біз Жент екеу болған дейміз. Бірі Қуандарияның сағасындағы ескі хұнн Женті, екіншісі Х ғасырдағы Сейілхандар салған Жент. В.А. Каллаур айтқан Жент – соңғысы болуы тиіс (Томарөткел). Сол сияқты Баршынкенттің орны кесене емес, Қызылқұмда тұрған, Баршындария жағасына салынған Сырлытам болуға тиіс» [Қоңыратбаев, 1987, 344 б.; 2004, 158 б.].

С. Жолдасбайұлы Баршынкент туралы Ө. Қоңыратбаевтың жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып: «... сонымен осы Баршындария сағасындағы Сырлытам мазары мен оның жанындағы елді мекенді Баршынкент деген қортындыға келген. Қортындылай келгенде, Баршынкент атының біз жоғарыда келтірген XIII ғ. орта кезіндегі жазба деректерде кездесуі, ертедегі аңыздар мен батырлар жырындағы хабарлар мен сәйкес келуі бұл аймақтағы соңғы

кездегі ел аузындағы кенттің, атының сақталуы, дарияның Баршын аталуы жай нәрсе еместігін байқатады. Олай болғанда оғыздармен қыпшақтар өмір сүрген Баршынкент мекенінің болғандығы сөсіз» деп жазған [Жолдасбаев, 1996, 101 б.].

Қышқаланы тікелей Баршынкент қаласымен баламалаған зерттеушілердің бірі Қорқыт Ата Мемлекеттік университетінің бұрынғы оқытушысы Тәңірберген Мәмиев XX ғ. 90-жылдары онда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген [Мәмиев, 1999, 16 б.; 2000, 27 б.]. К.М. Байпаков Ортағасырлық Қызтөбені Барлыгенд (Баршынкент) деп атап, картада оны Қызылордадан батыста, дарияның оң жағасына орналастырған [Байпаков, 2007, с. 38].

Егер осы пікірлер едәуір нағымды болжам деп қабылдар болсақ, онда Баршынкент туралы мәліметтер жазба деректер XIII ғ. ортасынан басталады. 1245–1247 жылдары аралығында Рим папасының монғолдың ұлы ханы Мөңкеге жіберген елшісі Плато-Карпинидің жолжазбалары әзірге алғашқы болып отыр [Путешествие..., 1993, с. 41]. Жолжазбада Бархим деп берілген қала Шыңғыс хан әскерлеріне ұзақ уақыт берілмегені туралы айтылады. Одан кейін 1253 ж. монғолдың ұлы ханы Мөңкеге елшілікке аттанған армян патшасы Гетумның жолжазбасында Сгнах (Сығанақ), Савран (Сауран), Харчук (Қарашық), Хузақ (Созақ), Асон (Асанас) қалаларымен қатар Парчын (Баршын) қаласының аты да аталады [Извлечения из книги..., 2005, с. 41]. Осы сапар жайлы жазылған К. Ганзакецидің «История армян» атты кітабындағы Парчын

қаласының Барджент (Баршын) болуы мүмкіндігін П.И. Лерх та растайды [Лерх, 1870, с. 11].

Одан кейін XIV ғ. басында жазылған Жамал Қашқаридің «Әлмұхаммед-ас-Сұрақ» («Лұғатқа қосымша») атты еңбегінде кездеседі. Ол Баршынкентте садырлардың садыры, әл-әлам, шейх әл-ислам Хусам әл-илла ва-д-дин Абу-л-Махамед Хамид и ибн Асим әл-Асим әл-Баршылықтан дәріс алғаны турала жазады [История Казахстана..., 2005, с. 155–156]. Шыңғысхан қайтыс болғаннан кейін Баршынкенттің Жент, Хорезім қалаларымен бірге Бату ханның иелігінде болғандығы жайлы осы Жамал Қаршидің кітабында айтылады [История Казахстана в персидских источниках, 2005, с. 120].

Баршынкент қаласы туралы аса құнды деректер Ә. Дербісалиевтің «Қазақдаласының жұлдыздары» атты тарихи-филологиялық зерттеуінде кездеседі. Ғалым бұл еңбегінде Баршынкент қаласында туып-өскен ортағасырлық ғұлама-ғалымдар туралы және Баршынкент қаласына келіп, Сырдарияның төменгі ағысындағы басқада ортағасырлық қалаларда туып өскен ғұламалармен кездескен жат жерліктердің еңбектеріне жан-жақты тоқталып шолу жасаған [Дербісалиев, 1995, 110 б.]. 1273–1274 жылдары Сыр бойындағы қалалар мен онда тұратын халықтардың тарихын хатқа түсіру ниетімен арнайы келген Жамал Қарши болды. Жамал өз дүниесін әуелі Баршынкент жайлы мағлұматтар беруден басталған. Оны ол қала емес мекен (дияр) деп атаған. Соған қарағанда сол кезде Баршынкент шынында да бекіністік дәрежедегі қыстақ қана болған сияқты [Дербісалиев, 1995, 110 б.]. Дияр (мекен) немесе қыстақ қана болғанымен Баршынкент белгілі

мәдениет орталығы болған. Мұнда дуалы ауыз шешендер мен жезтаңдай әншілер, сөз өнерінің белгілі майталмандары ғұмыр кешкен [Дербісалиев, 1995, 111 б.].

Сонымен, деректерде, зерттеушілердің еңбектерінде Бархин (П. Карпини), Парчин (Гетум), Барчканд (Жамал Карши), Барчинлигкент, Барчканд, Барчкенд (Ә. Дербісалиев), Барчин (Жошы теңгелерінде), Ба-эр-чи-ли-Хань, Ба-эрчжень (қытай транскрипциясы бойынша), Барчынлыгенд (Барчкенд), Барчынлыген, Хышт-қала, Баршын, Баргент (В.В. Бартольд), Барлычгенд (К.М. Байпаков), Барчынлыгент (В.М. Жирмунский), Бархалигкент (П. Лерх), Барчынлыгент, Бархалыгкент, Барчинлыкент (В.А. Каллаур), Баргенд, Барчынлыгенд (А.И. Маленин), Баршынкент (Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, С. Жолдасбайұлы, Т. Мәмиев) аталған қалалардың барлығы бір қаланың әртүрлі аталуы (аты). Ал зерттеушілердің еңбектерінде Қыс-Қала, Ғыш-Қала (В.А. Каллаур), Хыш-қала (В.В. Бартольд), Қыз қала (Археологическая карта Казахстана), Қыш төбе (С.П. Толстов), Қызтөбе (К.М. Байпаков), Қышқала (Ә. Қоңыратбаев), Баршынкент (Т. Мамиев) деп түрліше аталып келген қаланың орны қазіргі Қышқалаға сәйкес келеді.


Біз қазіргі Қышқаланың орнын ортағасырлық Баршынкент қаласымен баламалаған Ә.Х. Марғұланның пікіріне қосыла отырып, өз тарапымыздан айтарымыз: біріншіден, П. Карпини Бархин қаласы Жанкент пен Асанас қалаларының аралығында орналасқан деп дұрыс көрсеткен; екіншіден, бұл қаланың орналасқан жері, тарихи құрылымы Ж. Карши болған мекен Барчкандка сай келеді. Барчканд пен Баршынкент екеуі бір қаланың аты.

Қышқалада 2018 жылы жүргізілген қазба жұмыстары

Зерттеудің негізгі мақсаты ортағасырлық Қышқала қалашығында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, оның материалдық және рухани мәдениетін, шаруашылық дәстүрін, Әлеуметтік – экономикалық ахуалының негізгі элементтерін археологиялық мәліметтер мен материалр негізінде зерделеу болып табылады.

Қазба қалашықтың екі жерінен салынды. Қазба I ескерткіштің солтүстік-батыс шетін алып жатқан қала бейіті аумағында орналасқан екі биік төбешіктің біріне салынды. Үстінгі жағында күйдірілген кірпіштер мен бір беті сырланған, бетіне өрнек салынған кірпіш сынықтары шашылып жатқан


төбешіктің көлемі 30×32 м. Кейін анықталғандай кезінде едіуір келбетті кесененің орны болған төбенің солтүстік-батыс шетінен біз салған (2018 ж.) қазбаның жалпы көлемі 12×12 м (сур. 2). Қазылған тереңдігі 0,25×0,8 м. Жүргізілген қазба барысында қас беті солтүстікке қараған бір кездегі тамаша кесененің қираған орнының бір бөлігі ашылды. Кесененің алдыңғы жағына төселген тікбұрышты кірпіш төсендісінің үстіне құлаған ғимараттың қас бетінің құландысы сол құлаған күйінде бетімен төмен қарап жатыр екен. Аркалы есігінің үстіңгі жағы мен оның шеттерін безендірген төртбұрышты кесіп салынған өрнекті қыш сылақтар мен оның айналасындағы майолика мозайкалары беттерімен төмен қарай жатыр.



Сур. 2. Қазба I. Қазбаның жобасы
Fig. 2. Excavation I. Plan of the excavation

Қабырға қашан құлағанын анықтау мүмкін емес. Өйткені құландының жоғарғы бет жағы мен қабырғалардың кірпіштерін жергілікті халық бірнеше дүркін бұзып алған. Ол баста қала тіршілігін тоқтатқаннан кейін көп ұзамай бұзылған кесененің қыштарын соңғы рет кеңес дәуірінде (1960–1970 жж.) колхоздарды біріктіріп, совхоз құру науқанына байланысты салынған кеңсе, мектеп, клуб құрылыстарына пайдаланған деседі. Ауыл тұрғындары жеке үй салған кезде де көне қала ғимаратарының кірпіштерін пайдаланған. Ғимараттың негізгі қабырғалары мен оның қандай көлемде болғанын анықтау мүмкін болмады. Себебі, осы жылы салынған қазба ғимараттың алдыңғы ауласы мен оның үстіне құлаған құландыларды аршумен шектелінді. Құлаған кірпіш сынықтарынан түзілген биіктігі 1 м, кей тұста одан да биік болатын құландыларды аршу қатты қолбайлау болды. Кесененің құлаған күйі сол

қалпында сақталған бөлігі 8,5×5,5 м көлемді алып жатыр. Негізгі құрылыс материалы ортағасырлық дәстүрлі 26×26×5; 27×27×6 см көлемдегі күйдірілген кірпіштер. Құрылыстың жоғарғы жағы мен есіктің айналасын бетіне кесіп өрнек салған тақталар құрандысы жапсырылған. Өрнектері сегізбұрыш түріндегі мұсылмандық стилдегі және қошқармүйіз иректер түріндегі қазақи өрнектердің комбинациясы. Безендіру тақталарының көлемі бірдей емес, көпшілігі 57×57×8; 50×50×8; 50×51×8 см өлшемде. Арасында 45×45×8 см көлемдегі тақталар да кездеседі. Тақталардың бетіне салынған өрнектер әр тақтаның көлемінде шектелмей көрші тақтадағы өрнектерге ұласып кетеді. Кейбір тақталардың орта тұсында түрлі көлемде салынған көзшелердің орындары қалған. Шамасы көзшелер тақталарға әк слақтарымен дәнекерленген. Олардың орнында қалған әк сылақтары сақталған. Ал




Сур. 3. Қазба 1. Кесененің қас бетін безендірген өрнектер мен мозайкалар
 Fig. 3. Excavation 1. Ornament and mosaics decorated portal part of the Mausoleum

тақталардың шеттері мен есіктің арқаларын безендірген мозайкаларды құрастыруда көк, ақ, сары, жасыл, қалампыр түстес бояулар пайдаланыпты. Төртбұрыш, домалақ, сопақша, ромба тәріздес, гүл тәріздес келген өрнектер әк сылағының бетіне құрастырылған. Арасында араб жазулары стиліндегі өрнектер де жиі кездеседі. Тұтас композициялық көріністі байқау мүмкін болмады. Өйткені, әк сылақтар ұзақ уақыт бойы әсер еткен ылғал және ыстық ауа мен үстінен әсер еткен қатты қысымның салдарынан күлдіреп кеткен. Бет жағын безендіруде мозайкадан басқа әртүрлі өлшемдегі және әртүрлі формадағы тақталар да қолданылған (сур. 3). Ғимаратын ішкі қабырғалары мен арканың беттері әк сылағының бетіне орналастырылған түрлі-түсті және түрлі пішінді жапсырмалармен қапталған. Құрылысқа арнайы өлшемде және қажетті пішінде әдейілеп жасалған кірпіштер де пайдаланылған. Олардың арасында бетіне кесіп салынған геометриялық нақыштары бар кірпіштер де кездеседі.

Қазба 2 қала шахристанының шығыс бөлігінде, қазіргі ауыл тұрғындарының қорымы орналасқан жерден 0,6 км шығыста жатқан төбелерінің біріне салынды. Төбенің оңтүстік-шығыс бөлігіне солтүстіктен оңтүстікке қарай бағыттала салынған қазбаның бастапқы көлемі 12×10 м. Қазба барысында ашыла бастаған құрылысты толық ашу мақсатында қазба 2 батыс жағынан 14×12 м қазба қосылып, қазбаның көлемі 26×22 м дейін үлкейтіліп, ол 1–1,2 м тереңдікке дейін қазылды.

Қазба барысында сегіз бұрышты құрылыс нысаны толығымен ашылды (сур. 4). Ашылған нысанының сыртқы

құрылысы әртүрлі ұзындықтағы сегіз қабырға мен төрт мұнарадан тұрады. Төменгі жағы 27×27×6; 26×26×5 см көлемдегі күйдірілген кірпіштен қаланған сыртқы қабырғалардың ені 1 м, сақталған биіктіктері 10–60 см. Шығыс қабырғаның ұзындығы 6 м, сақталған биіктігі 20–60 см. Қабырғаның іргетасы өзге қабырғалармен салыстырғанда біршама жақсы сақталған. Оңтүстік-шығыс қабырғаның ұзындығы 10,8 м сақталғын биіктігі 5–30 см. Қабырғаның орталық бөлігінде ең төменгі бір қатар кесек қаландысы ғана сақталған. Осы қабырғаның сыртына қарай құлаған күйдірілмеген кесектен өрілген қабырғаның 4×1×1 м көлемдегі құландысы жатыр. Оңтүстік қабырғаның ұзындығы 9,5 м, сақталған биіктігі 10–30 см, қабырғаның ізі толығымен көрініп тұр, батыс шетінде жеті мен төрт қатарға дейін кірпіш қаландысы сақталған. Оңтүстік-батыс қабырғаның ұзындығы 13 м, сақталған биіктігі 10–30 см, қабырғаның ізі толығымен көрініп тұр, ортасында екі қатар, батыс бұрышында жеті қатар кірпішке дейін сақталған. Батыс қабырғаның ұзындығы 4,6 м, қабырғаның ізі толығымен көрініп жатыр, ортасында екі қатар, екі шетінде жеті қатарға дейін кірпіш қаландысы сақталған. Батыс, солтүстік-батыс қабырғаның ұзындығы 11,9 м, қабырғаның оңтүстік шетінде 2 м ұзындықта алты қатар кірпіш қаландысы ғана сақталған, қалған бөлігі толығымен бұзылып кеткен. Солтүстік қабырғаның жалпы ұзындығы 14,6 м, қабырғаның қақ ортасында 2,6 м келетін қақпасы бар. Қақпадан шығысқа қарай жатқан қабырғаның төмегі бөлігінде 4–8 қатарға дейін қаланған қалдығы сақталған. Қабырғаның қалған бөлігінің кей жерлерінде бір қатар кірпіш қаландысы ғана қалған.



Сур. 4. Қазба 2. Қазбаның жобасы мен оған ұқсас ғимараттың жобасы.
1 – Иран. Амин-Абад керуен сарайы; 2 – Қышқала, қазба 2. Ғимараттың жобасы

Fig. 4. Excavation 2. Plan of the excavation and its analogy.
1 – Iran, Amin-Abad caravanserai; 2 – Kyshkala, excavation 2. Plan

Құрылыстың сыртқы барлық қабырғаларының ені 1 м болып келеді және олардың ішкі–сыртқы жиектері күйдірілген бүтін (көлемі $27 \times 27 \times 5$) кесектерден өріліп, ортасы кесек сынықтарымен, қою лай араластыра отырып толырылған.

Жоғарда аталғандай құрылыстың төрт бұрышында тұрғызылған дөңгелек мұнаралары бар. Құрылыстың шығыс мұнарасы шығыс және солтүстік–шығыс қабырғаларының түйіскен жерінде орналасқан, диаметрі 1,9 м, биіктігі 10–20 см. Мұнараның ең төменгі 2–3 қатар кесек қаландысы ғана сақталған. Оңтүстік мұнара оңтүстік қабырғаның бойында, шығыс бұрышынан 3,3 м аралықта орналасқан, диаметрі 1,7 м, биіктігі 40 см. Мұнараның ең төменгі алты қатар кесек қаландысы сақталған. Кесектерінің орналасу жағдайына қарағанда сыртына қарай сырғи құлағандығы байқалады. Батыс және оңтүстік–батыс қабырғаларының түйіскен жерінде орналасқан,

диаметрі 1,6 м, биіктігі 20 см, мұнараның ең төменгі 2–3 қатар кесек қаландысы сақталған. Солтүстік мұнара солтүстік–батыс және солтүстік қабырғаларының түйіскен жерінде орналасқан, диаметрі 1,8 м, биіктігі 30 см. Мұнараның ең төменгі төрт қатар қаландысы сақталған.

Барлық мұнаралардың сырқы жиектері арнайы дайындалған көлемі $20 \times 20 \times 10$ см келетін, жартылай иілген күйдірілген кірпіштермен өріліп, ортасы кесек сынықтармен толтырылған. Арнайы дайындалған кесектер үшбұрышты қалыпта және бір қырын доғалдау қылып шеңбер тәрізді құрылысты өруге ыңғайлы етіп құйылған.

Ашылған нысанның қабырғаларына ішкі жағынан жапсарлас етіп салынған бірнеше бөлменің наубайы көрінеді. Нысанның ішкі жағы толық ашылып бітпегендіктен ішкі құрылыстарының ерекшеліктері мен бөлмелер саны анықталған жоқ. Қазіргі жағдайда құрылыстың ашылған бөліктерінен шамамен 10

бөлменің орны байқалады. Құрлыс нысанының тең ортасында аумағы 12×12 м келетін сегіз қырлы ашық алаң және осы алаңның құрлысына сәйкес келетін аумағы 2,5×2,5 м күйдірілген кірпіш төселген сегіз қырлы еденің орны сақталған.

Қабырғалары тең есес сегіз бұрышты төрт мұнаралы бұл құрылыстың қандай ғимараттың орны болғаны әзірге белгісіз. Қазбадан қыш ыдыстардың сынықтары өте сирек кездескеніне қарағанда бұл ғимарат есте тұрғын үй қалдығы емес. Ша-

масы мұсылман үлгісіндегі қандайда бір діни кешеннің, немесе қоғамдық құрылыстың орны болуы мүмкін. Бұл қазба толық аяқталмаған. Сондықтан алдын ала болжам жасау жансақ болар еді. Дегенмен, біз қазған ғимараттың жобасы Ирандағы Амин-Абад керуен-сарайына (XVI–XVIII ғғ.) ұқсас. Бірақ, оның көлемі үлкен және бұрыштары тең, мұнаралары да көп. Барлық бұрыштарында мұнаралары бар [Всеобщая история искусств, 1961, с. 95].

ӘДЕБИЕТ

1. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата: изд-во АН КазССР, 1960. 450 с.
2. *Дербісалиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). Алматы: «Рауан», 1995. 141 б.
3. *Байпақов К.М.* Огузы, туркмены и селджуки в городах Жетысу и Южного Казахстана // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. 2007. № 1 (253). С. 35-61.
4. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. 1. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. М.: Наука, 1963, 763 с.
5. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. 3. К истории орошения Туркестана. М.: Наука, 1965, 713 с.
6. Всеобщая история искусств. Т. II, кн. 2. Искусство средних веков. М.: Искусство, 1961. 1028 с.
7. *Жолдасбайұлы С.* Жетісу тарихы (XVI–XVIII ғғ.). Тарихи және полеоэтнологиялық зерттеу. Алматы: Қазақ университеті, 1996. 300 б.
8. Извлечения из книги Киракос Гандзакци: История Армении // Извлечения из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыганак / Автор предисл. и сост. М. Елеуов. Туркестан: МКТУ им. Ходжа Ахмета Ясави, 2005. 96 с.
9. История Казахстана в персидских источниках. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. Т. I. 416 с.
10. *Каллаур В.А.* Древние города Сыганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингис ханом в 1219 году // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана. Авторы предисл. и сост. Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: “Туран”, 2011а. 447 с. илл.
11. *Каллаур В.А.* Древние города, крепости и курганы на реке Сыр-Дарье, в восточной части Перовского уезда // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана. Авторы предисл. и сост. Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: “Туран”, 2011б. 447 с. илл.
12. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және Туркология. Алматы: Ғылым, 1987. 368 б.
13. *Қоңыратбаев Ә.Қ.* Жент және Баршынкент // Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Мер Сал Баспа үйі, 2004. Т. 2. Түріктану және шығыстану мәселелері. 518 б.
14. *Марғұлан А.Х.* Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1950. 123 с.
15. *Мәмиев Т.* Кейінгі орта ғасырлардағы Арал өңірінің қалалары (XIII–XVIII ғғ.): тарих ғыл. канд. ... дис. Алматы, 1999. 151 б.
16. *Мәмиев Т.* Қызылорда облысының археологиялық ескерткіштері. Алматы: «Рауан», 2000. 48 б.

17. Путешествие в Восточные страны ПIANO Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым, 1993. 248 с.

18. Толстов С.П. По следам древнехорезмской экспедиции. М. – Л.: издат-во. АН СССР 1948. 323 с.

Авторлар туралы мәліметтер:

Талеев Дөкей Абдикеримович – тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (Алматы қ., Қазақстан); doc19_59@mail.ru

Елеуов Мадияр – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан); madiareleuov@mail.ru

Есенов Сырым – докторант, аға ғылыми қызметкері, ҚР Ұлттық музейі (Астана қ., Қазақстан); syrgym.e@mail.ru

ЗАГАДОЧНАЯ СУДЬБА ГОРОДА КЫШКАЛА

Д.А. Талеев, М. Елеуов, С. Есенов

В статье изложены результаты археологических раскопок 2018 г., проведенных на городище Кышкала. Памятник расположен близ с. Когалыкол, в 30 км к югу от г. Кызылорды. В работе приводится краткий обзор по истории археологического исследования памятника, рассмотрен вопрос о его локализации известной по письменным источникам. В определении исторического названия городища были проанализированы разные взгляды специалистов. Кроме того, опираясь на мнение многих исследователей, отождествлявших город Кышкала с Баршынкентом, расположенным на берегу древнего русла Сырдарьи – Баршындарие. Собраны также письменные сведения о городе Баршынкент.

Ключевые слова: археология, Кызылорда, Колтоган, Кышкала, Қыштобе, исследование, источники, локализация, раскопки, разведка, топография

MYSTERIOUS HISTORY OF KYSHKALA

D.A. Taleev, M. Eleuov, S. Esenov

The article presents the results of archaeological excavations in 2018, carried out at the ancient Kaskala. The monument is located near the village of Kogalykol, 30 km South of Kyzylorda. The paper provides a brief overview of the history of archaeological research of the monument, the question of its localization known from written sources. In determining the historical name of the settlement were analyzed different views of experts. In addition, based on the opinion of many researchers mapped the city Kaskala with Barshynkent, located on the Bank of the ancient bed of the Syr Darya – Barshyndariya. Also collected written information about the city Barshynkent.

Keywords: archaeology, Kyzylorda, Koltogan, Kyshkala, Kyshtobe, research, sources, localization, excavation, exploration, topography

REFERENCES

1. *Arheologicheskaya karta Kazahstana (Archaeological map of Kazakhstan)*. 1960. Alma-Ata: KazSSR Academy of Sciences Publ. (in Russian).

2. Derbisaliev, A. 1995. Kazak dalasynyn juldyzdary (tarihi-filologiyalyk zerteu). Almaty: “Rauan” Publ. (in Kazakh).

3. Baipakov, K. M. 2007. In *Izvestiya NAN RK. Ser. obshchestv. nauk (News of the National Academy of Sciences of Kazakhstan. Ser. societies. sciences)*, 1 (253), 35-61 (in Russian).

4. Bartol’d, V. V. 1963. *Sochineniya (Writings)*, 1. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).

5. Bartol’d, V. V. 1965. *Sochineniya (Writings)*, 3. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).

6. *Vseobshchaya istoriya iskusstv (The general history of art)*, II, kn. 2. 1961. Moscow: “Iskusstvo” Publ. (in Russian).
7. Joldasbayuly S. 1996. *Jetisu tarihy (XVI–XVIII.)*. Tarihi jane poleochnologiyalyk zertteu. Almaty: “Qazaq University” Publ. (in Kazakh).
8. In *Iz vlecheniya iz pis'mennyh istochnikov o srednevekovyh gorodah Sauran i Syganak. (Extracts from written sources about the medieval cities of Sauran and Syganak)*. 2005. Comp. M. Eleuov. Turkestan: International Kazakh-Turkey University named Hoja Ahmet Yasavi (in Russian).
